Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

6+

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

№13 (550)
28 наурыз,
2024 жыл

...Мен жастарға сенемін!
Мағжан

ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ:
жарықтың жайы жақсарсын десек...

Көктем шығып, наурыз айы соңына таяса да еліміздің кейбір өңірінде күн күркіреп, жаңбыр тіпті қар да жауды. Табиғаттың бұл тосын сыйын біреу күтсе, біреу күтпеген болар. Әдемілік пен сұлулықты паш ететін наурызша – көктемнің керемет көріністерінің бірі екені анық. Дегенмен жылбысқы қар мен жыл басындағы жауын-шашын тозығы жеткен электр тораптарының тағы да талапқа сай емес екенін көрсетті.

Облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаиннің айтуынша аймақтағы электр желісінің 66 пайызының тозығы жеткен. Солай бола тұра, сәл ақысын кешіктірсе, электр сымын қиып кететін шырақшылардың жұмысы табиғаттың тосын мінезіне төтеп бере алмады. Сапаға келгенде сәмсіреп, жарықты қиып кеткенде шалқаятын қызметкерлердің бетін Қызылорданың жаңбырлы желі-ақ ашып тастады.

2

Коллаж АЖ.
Сурет ашық дереккөзден алынды

ОТБАСЫ ОРТАЛЫҒЫ:
берекелі ғұмырдың баспалдағы

Жас жұбайлар бірге болуға сеніммен серт етеді. Куәгерлердің көзінше жары болуға келісімін береді. Бұл – ең жауапты әрі аяулы сәт. Осы орайда өңірімізде «Отбасы» орталығы бой көтеріп, лентасы да қиылған болатын. Енді зәулім ғимарат жаңұя игілігіне жарауға әзір. Бұл туралы «Отбасы» орталығы басшысының орынбасары Ұлбосын Қылышбаевамен әңгіме өрбіткен едік.

– Шариғат шартына сәйкес неке қию мешітте өтеді. Ал неке сарайы АХАТ бөлімінің жұмысын жандандырды десек болады. Айтыңызшы, орталық ашылғаннан бері қанша неке тіркелді? Мұнда табан тіреген жас жұбайлардың сезім күйімен бөліссеңіз…

– Отбасы орталығы өткен жылдың қыркүйек айында салтанатты түрде ашылып, сол уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Осы уақыт аралығында 70-тен астам жұп неке қидырды.

Кез келген адам үшін үйленіп, отбасы болу ең маңызды кезең әрі жауапты іс. Сондықтан неке қию алдындағы қуаныш пен қобалжу баршаға тән сезім. Жастардың шаңырақ құрып, үлкен өмірге аяқ басқан сәттерін көру әрине ерекше.

– Отау құрған екі жас шағын мемлекеттің моделін құрады. Демек бұған аса дайындық керек. Сіздің ойыңызша, ұл мен қыздың міндеті қандай?

– «Отан отбасынан басталады» деп тегін айтылмаған. Яғни мемлекеттің ең басты байлығы – халық болса, қоғамда халықтың тұрмыс жағдайымен қатар, бақытты болуы да үлкен рөл атқарады. Ал адам отбасы құру арқылы бақытын еселейді. Отау құруға ниетті ұл-қыздың негізгі мақсаты да бақытты отбасы құру. Ол үшін өз өмірі мен іс-әрекетіне жауапкершілікпен қарауы қажет. Яғни сезіммен ғана емес, саналы тұрғыда қабылданған шешім арқылы шаңырақ көтеру маңызды. Одан кейін бір-біріне деген сыйластық, сүйіспеншілік болса отбасының іргетасы берік, шаңырағы биік болып, үй іші бақыт пен шаттыққа толы болары сөзсіз.

3-бетте

САДАҚШЫ:
1 МИНУТТА
10 ЖЕБЕ АТАМЫН

8

ӘСЕМНІҢ ӘДЕМІ ӘЛЕМІ
10 мемлекет пен 25-тен астам қаланы аралап үлгерген

Қазақтың «қыдырып қайтайық» деген сөзінің аясы кең. Себебі ел азаматтарының саяхаттауға деген құмарлығын айтып жеткізу мүмкін емес. Кейбір жандар саяхаттау үшін ғана жаралғандай. Жаңа, қызықты оқиғаларды бастан кешуді жаны қалап тұрады. Ал кейбір адамдар оны дүниетаным кеңейтудің жолы деп емес, тек демалыс деп қана ұғады. Қалай десек те, екі топтағы жандар да қаражаты мен күш-қуатын қыдыруға, ел тануға жұмсайды. Сондай жерлесіміздің бірі, жиһанкез – Әсем Қаһарманова.

– Саяхаттау – менің бала күнгі арманым. Оқушы кезімде география пәнінен сабақ беретін Дария апайымның қолынан үлкен әлем картасы түспейтін. Сабақтың 45 минутыда картадағы 190-нан астам мемлекет пен астаналары, аралдар мен мұхит, теңіздердің атауын жаттаумен өтетін. Тақтаға шығып картадан аталған мемлекеттерді тауып, тарихы туралы түсініктеме айтатынбыз. Сол кезеңде “бір күндері осы мемлекеттерді аралайтын уақыт келеді” деген іштей сенім болатын.

4-бетте

Зайырлы көзқарас – қайырлы шешім

Мәдениет және ақпарат министрлігі Дін істері комитетінің тапсырысымен облыстық дін істері басқармасы 27-28 наурыз аралығында Ә.Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының мәжіліс залында дін мәселелері жөніндегі ақпараттық-түсіндіру топтарының мүшелеріне және «Зайырлылық және діни танту негіздері» пәні мұғалімдеріне арналған екі күндік «Дін мәселелері бойынша білікті мамандар даярлау» оқыту семинарын ұйымдастырды.

Министрліктің Дін істері комитетінің әлеуметтік жобасы аясында «Рухани жаңғыру» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткізілген бұл шараға басқарма қызметкерлері, Дін мәселелерін зерттеу орталығының теолог, психолог мамандары, діни қызметкерлер, ұстаздар мен имамдар, жергілікті атқарушы органдардың, қала және аудан әкімдіктерінің, құқық қорғау органдарының қызметкерлері, орта мектептердегі «Зайырлылық және діни танту негіздері» пәні мұғалімдері, мектеп директорларының тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары қатысты.

Жобада АТТ мүшелерінің кәсіби даярлығын шыңдау мақсатында халық арасында түсіндіру шараларын ұйымдастырудың әдістері, мақсатты топтармен коммуникациялық байланыс, шешендік өнер, көпшілік ортада сөз сөйлеудің тәсілдері және т.б. бағытта семинарлар өткізу көзделген.

Оқыту семинарының спикерлері дін мәселелері бойынша республикалық ақпараттық-түсіндіру тобының мүшелері Балғабек Мырзаев және Төлеген Талдыбаев дін мәселелері бойынша дәрістер жүргізді.

Астана қаласынан келген спикер Б.Мырзаев «Дін мен дәстүр құндылықтарының қоғам тұтастығындағы орны» тақырыбы аясында тыңдаушыларға деструктивті діни ағымдардың қоғамға қаупі, неке және отбасы институтына, адам денсаулығына қатері туралы айтып өтті. Сондай-ақ, «Діни сенім бостандығының құқықтық аспектілері мен негізгі бағыттары туралы» тақырыбында зайырлы мемлекет ұғымы, құқықтық негіздері туралы сөз қозғады.

Алматы қаласынан келген спикер Т.Талдыбаев «Әлеуметтік желіде ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізудің маңыздылығы» тақырыбымен қатысушыларға қазіргі ғаламтор арқылы жас өркеннің бойына тәрбиелік мәні зор дүниелерді сіңіре білу мүмкіндігін қамтамасыз ету, қазіргі уақытта жамағатпен байланысты әлеуметтік желі арқылы орнатудың маңыздылығын түсіндірді. Сондай-ақ, «Әлеуметтік желінің алгоритмдерін меңгеру және тиімді түсіндіру жұмыстарын жүргізу» тақырыбында қатысушыларға желіде жергілікті парақшаны жүргізу әдістерін үйретті.

Сонымен қатар, семинар барысында қатысушылар тарапынан дәріскерлерге сұрақтар қойылып, тұжырымды жауаптар алды.

А.ӘДІЛЖАНҰЛЫ

Камералдық бақылау жүргізу тәртібі

Салық органдарының басым міндеттерінің бірі – салық төлемдерінің толық және уақытылы түсуін қамтамасыз ету. Осыған орай салық органдары қашықтықтан бақылау шараларын белсенді түрде қолдануда. Олардың бірі – камералдық бақылау. Камералдық бақылау салық декларацияларында көрсетілген мәліметтер мен түрлі деректер көздерін талдау және салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

Басты мақсаты – камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды салық төлеушінің өз еркімен жоюына құқық беру арқылы салық төлемдерін өндіру.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда тәуекел дәрежесіне орай, атап айтқанда тәуекел дәрежесі орташа және жоғары бұзушылықтар бойынша хабарлама қалыптастырылады. Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауды салық төлеуші (салық агенті) ол тапсырылған (алынған) күннен кейінгі күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Салық төлеуші хабарламадағы бұзушылықтармен келіскен жағдайда, қосымша салық есептілігін табыстау міндеттелсе, келіспеген жағдайда Салық Кодексінің 96 бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, салық төлеушінің (салық агентігінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушалықтарды жою туралы хабарламаны жіберген салық органына анықталған бұзушылықтар бойынша түсінікті қағаз немесе электрондық жеткізгіште ұсынуы салық төлеушінің (салық агентінің) камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны орындауы болып саналады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау Салық Кодексінің 118-бабына сәйкес салық төлеушінің банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұруға алып келеді.

Сондай-ақ уақытылы орындалмаған хабарламалар бойынша ҚР-ның Әкімшілік құқықтық бұзушылық туралы Кодексінің 288 бабына сәйкес әкімшілік жауапкершілік тарту көзделген.

Салық кодексінің 96 бабы 6 тармағының 1 тармақшасына сәйкес тәуекел дәрежесі жоғары бұзушылықтар бойынша камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны белгіленген мерзімде орындамау және (немесе) орындалмады деп тану осы Кодекстің 120-1-бабына сәйкес электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесінде электрондық шот-фактуралардың жазып берілуін шектеуге алып келеді.

Электрондық шот-фактураларды жазып беруді шектеуді қолдану кезінде шот-фактура қағаз жеткізгіште жазып беріледі және шот-фактураларды жазып беруді шектеуді алып тастаған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде электрондық шот-фактуралардың ақпараттық жүйесіне енгізілуге тиіс.

Жоғарыдағылардың негізінде, Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы, салық төлеушілерді өзінің міндеттемелерін уақытылы, толық, сапалы орындауға және салық заңдылықтарын сақтауға шақырады.

М.ИБРАИМОВ,
Қызылорда қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасы басшысының орынбасары



Басы 1-бетте

ЭЛЕКТР ЖЕЛІСІ:

жарықтың жайы жақсарсын десек...

Жарықсыз қалған халыққа жөнді ақпарат жетпей, абдыраған көпшілік не істерін білмеді. Аймақтың шалғай ауылдары, қаланың шеткі аудандары тіптен титықтап, тіршіліктің көзіне айналған электр қуатынсыз қиналып қалды. Қалпақ ұшырған желге шыдамаған жарық желісі дүлей дауыл мен қаһарлы құйын соқса қайтпек? Халық та осыны ойлайды! Ойланады да күрсінеді. Ішіндегісін әлеуметтік желіде шығарып, сыбап алады дерсің, басқа қолдан келер дәрмен жоқ.

– Қаражат деген қанымды ішті,
Көтере алмайды-ау сорымды иық,
Аңғармағандар зарымды ішкі,
Кетіпті тағы тоғымды қиып.

Ай да тұтылып, қырсығып маған,
Жүр ме екен «жырдан талабыңды үз» – деп.
Шабытым келіп тұншығып барам,
Қараңғы жерде қаламымды іздеп.

Қайтарсам ба екен, сараңдар кегін,
Көтере алмайды-ау, сорымды иық.
Келеді кейбір адамдар менің,
Жолымды қиып, тоғымды қиып, – деп өрілетін Бағдат Мүбәрактың «Қараңғы» атты өлеңі де бірер күн бұрын Қызылорда да айна-қатесіз қайталанды.

Тәуелділікті тоқтату керек

Ділгір мәселені мінберде қозғап, жарыққа бөлінетін қаржының да көлемі артқан. Ол жайында сәлден соң толық тоқталамыз. Әуелі мемлекеттік деңгейде нендей шешімдер қабылданды. Президенттің тапсырмасы қандай? Басқармалардың жоспары бар ма? Сан сауалға жауап іздеп көрелік...

– Жалпы, Қазақстан электр энергиясымен қамтуда импортқа, көрші елдерге тәуелді болмауы тиіс. Қазір болып жатқан жағдайға барлық жағынан, ең алдымен мемлекеттің қауіпсіздігі тұрғысынан қайта қарау қажет.

Гидроэлектростанциялардың дамуына ерекше назар аудару керек. Энергиямен, жылумен және сумен жабдықтау – біртұтас технологиялық өзара байланысты жүйе. Оған экономиканың жеке маңызды саласы ретінде қарау керек. Қазіргі тәсіл ескірген. Енді жаңа шешімдер қажет, – деген еді Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында. Сондай-ақ, Президент жаңартылатын энергетика жобаларын іске асыру жалғасатынын да айтқан болатын.

Мемлекет басшысының айтуынша, инфрақұрылымды дамытуға қатысты ұстанымдарды қайта қарау шарт.

– Биылғы қыстың қалай өткенін баршаңыз білесіздер. Қыстың көзі қырауда бірқатар аймақта қалалар мен елді мекендер жылусыз қалды.

Әбден тозған энергетика инфрақұрылымы әрең жұмыс істеп тұр. Менің тапсырмаммен электр энергетикасы нарығын дамытудың жаңа үлгісі дайындалып жатыр. Сол арқылы осы салаға қосымша инвестиция тарту көзделіп отыр. Сондай-ақ бұл құжат осы саланың барынша ашық болуын қамтамасыз етпек.

Ұлттық инфрақұрылым жоспарын қабылдауды ұсынамын. Құжатта осы саладағы басты мәселелер ашық көрсетілуге тиіс. Сонымен бірге 2029 жылға дейін іске асырылатын негізгі жобалар қамтылуы қажет, –деді өз сөзінде Мемлекет басшысы.

Шынымен, кеңестік кезеңде пайдалануға берілген коммуналдық желілер мен жылу станциялары өткен жылы жұртты біраз әбігерге салды. Риддер, Екібастұз және өзге де қалаларда жылу станциялары істен шығып, тұрғындар қиналды. Аталған жағдайға ел Президенті араласып, шұғыл шешімдердің арқасында жағдайдың уақытша болса да дұрысталғаны белгілі.

Тапшылық туындайды

Жау жағадан алғанда бөрі етектен... Себебі «Алдағы күзгі-қысқы кезеңге арналған болжамды баланстар 2024 жылғы қазаннан бастап, 2025 жылғы наурызға дейінгі аралықта электр энергиясы бойынша да, қуат бойынша да тапшылық болатынын көрсетіп отыр», – деді «KEGOC» АҚ Басқарма төрағасы Нәби Айтжанов ҚР Энергетика министрлігінің алқа отырысында.

Оның айтуынша, болжамды ең жоғары электр жүктемесі (17,4 ГВт) мен станциялардың 16,4 ГВт генерациялауы кезінде тапшылық шамамен 1,025 ГВт құрайды. Оны негізінен Ресей Федерациясынан импорттау немесе Қазақстан тұтынушыларын шектеу арқылы жабуға болады.

– Алдағы күз-қыс кезеңінде электр энергиясын тұтынудың өсу динамикасына сәйкес, оңтүстік аймақтың ең көп жүктемесі 4500 МВт-тан асуы мүмкін. Оңтүстік өңір тұтынушыларының қажеттіліктерін толық қамтамасыз ету және шектеулердің енгізілуіне жол бермеу үшін Жамбыл ГРЭС 5 блоктық режимде жұмыс істеуі қажет, – деді ол.

Жалпы «KEGOC» АҚ деректері бойынша 2024-2030 жылдарға арналған электр қуатының болжамды теңгерімі тапшылық болатынын көрсетеді, 2030 жылға қарай бұл жетіспеушілік 6,2 ГВт-қа дейін жетеді екен.

1970 жылдан бері ауыстырылмаған

Жарықтың жайына байланысты күрделі мәселелер көп. Бірақ, қозғалыс, бастама, Үкіметтік деңгейде мәміле барын да ұмытпаған жөн. Бір ғана мысал, бізде 1970 жылдан бері ауыстырылмаған электр бағаналары мен желілері бар. Бұған трансформаторларды да қоссақ болады. Бүгінге дейін ауыстырылмаған желі мен электр тоғын таратын трансформаторлар күз бен көктемгі жауын-шашын не қар еру кезінде жиі апаттық жағдайға ұшырайтыны да осыдан болса керек.

Сол үшін де соңғы уақытта өңірде жарықтың сөнуі жиілеп кетті. Жарқырап тұрған жарықтың беймезгіл уақытта жалп етіп өшуі көптің ренішін тудыруда. «Алдын ала ескерту керек қой» деген жұрттың өкпе-назын да құлағымыз шалып жүр. Күнделікті тіршілігімізді осы бір қуат көзінсіз елестете алмайтынымызды дәлелдедік. Оның үстіне заманауи құрылғыларға байланғалы электр қуатына деген тәуелділігіміз артып келе жатқаны жасырын емес. Қаланың жылу жүйесі де жарыққа байланған. Сол үшін «шырағың сөнбесін» деген тілектің қаншалықты қадірлі екенін ұғынамыз.

Қаз-қалпында баяндар болсақ, былтыр да өңірде ауа райының қолайсыздығынан электр ақаулары туындап, қаланың кейбір аумағы мен бірқатар ауылдық елді мекенде электр жарығы уақытша өшіп, нөсер жауын салдарынан тұрғын үйлердің ауласына су толды. Облыс әкімінің тапсырмасы негізінде сала мамандары жедел әрекет етіп, әлеуметтік нысандар мен тұрғын үйлерге жарық қосып, арнайы техникалар қала аумағын судан тазартты. Ал аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев орын алған кемшіліктер бойынша шұғыл жиын өткізіп, мереке күндері тұрғындарға қолайсыздық тудырып, ақауларға жол берген жауапты сала басшыларының жұмысын сынға алып, бірқатар нақты тапсырмалар берген еді.

Сол кезде облыс әкімінің орынбасарлары электр желілерінің 70-85 пайызы ескіріп, тозығы жеткендіктен, кемшіліктер орын алғанын жеткізген-ді. Оған қоса, трансформаторлық қосалқы станцияларды жаңалау жұмыстарына қаржы қажеттігін тілге тиек етті.

– Халықтың күнделікті тіршілігіне жарық, жылу, су керек. Өкінішке қарай, мереке күндері бір күн жауған жауынның әсерінен қаланың және бірқатар аудандардың кейбір аумақтарында жарық тоқтап қалды. Бұл – барлығымызға сын! Мен бұған дейінгі жиналыстарда үнемі тіршілікті қамтамасыз ету жүйелерінің тұрақты жұмыс істеу қажеттігін ескертіп келемін.

Электр жүйелерінің тозу деңгейі жоғары екенін үнемі алға тартып келесіз. Бәрімізге белгілі, тозу деңгейін 66%-дан 30%-ға төмендету үшін 153 млрд теңге қажет. Үкімет басшысының өңірге жұмыс сапары барысында да осы мәселені көтеріп, қаражат сұрадық. Оның ішінде мамандардың қаржы мәселесі де қамтылған. Бұл бір күнде шешілетін мәселе емес. Біз желілер тозды деп қол жайып отырмай, қолдағы бар ресурстарды пайдаланып, кез келген жағдайға дайын болуымыз қажет.

Кезінде қаладағы үлкен трансформаторлардың күрделі жөндеу жұмыстарына республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 4 млрд теңге уақытылы игерілмей, кері қайтарылды. 2021 жылы аталған жұмыстар дұрыс жүргізілмей, зардабын қазір көріп отырмыз. Дегенмен, мәселенің өткір екенін ескеріп, шұғыл жөндеу жұмыстарына 500 млн теңге қаржы бөлдік, бірақ одан да нәтиже болмады. Әрбір қосалқы станцияның жағдайына талдау жасап, мамандардың күшімен ретке келтіру қажет. Керек болса, жанашыр демеушілерді біріктіре отырып, жұмысты үйлестіруге болады. Қала әкімі де, басқарма басшысы да бұл мәселенің өте өзекті екенін алдын ала айтуы тиіс, – деген еді облыс әкімі Н.Нәлібаев.

Өткен жылы облыс әкімі энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы басшысы мен «Қызылорда электр тарату компаниясының» директорына және қала әкімінің орынбасары мен жауапты бөлім басшысына қатаң сөгіс жариялады. Халықты электр жарығы мен ауыз сумен қамту – кезек күттірмейтін мәселе екенін тілге тиек етті.

Ауқымды жұмыстар атқарылады

Сол сыннан соң биыл сәл болса ілгерілеу бар. Аймақтағы электр желілерінің тозу деңгейін төмендету мақсатында биыл 10 жоба жүзеге асырылмақ. Осының нәтижесінде, 418 шақырым электр желісі мен 73 дана қосалқы станция жаңғыртылмақ.

Сонымен қатар, жауапты басқарма арқылы қосымша 4 жобаның жоба-сметалық құжаттамасы әзірленуде. Жоба аясында қала және бірнеше елді мекеннің электр бағаналары мен желілері қайта жөнделеді. Бұл жөнінде Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы Медет Усаин мәлімдеді.

– Облысымызда әр түрлі кернеудегі 10 мың шақырымнан асатын электр желілері мен 2 мыңға жуық қосалқы станция бар. Былтыр электр желілерімен қамтудың 6 жобасы жүзеге асырылып, 232 шақырым электр желісі мен 95 дана қосалқы станция қайта жаңартылды. Нәтижесінде электр желілерінің тозу деңгейі 66 пайызға төмендеді. 2025 жылы қосымша қуаттылығы 10 МВт құрайтын күн электр станциясын салу жоспарлануда, – деді Медет Усаин.

Тұрғындарды сапалы ауыз сумен қамту мәселесі де күн тәртібінен түскен емес. Сәйкесінше, 2023 жылы халықты тіршілік нәрімен қамту бойынша 23 жоба мемлекеттік бағдарламалардың көмегімен орындалып, жүйелі жұмыстар жүргізілді. Биыл аталмыш салаға қатысты 14 жоба қолға алынбақ.

Ығыры шыққан жұрттың жанайқайын естіген жандар енді жүйелі жұмыс жасап, бәрін ретке келтірер деген үміттеміз. Шалғай жатқан елдің шамы сөнсе, шыдамы таусылады. Ал тозығы жеткен тораптар жөнделсе, көзіміз ашылар еді.

Шырағың сөнбесін, Сыр елі!

Айдар САЙЛАУОВ

ОТБАСЫ ОРТАЛЫҒЫ:
берекелі ұмырдың баспалдағы

– Неке сарайына немкетті қарап, «даңғарадай зал тек неке қиюмен шектеле ме?» деген сыңаржақ пікір де айтылды. Бірақ бүгінде отбасы орталығына айналуы ғимараттың ғибратқа толатынын білдірді. Мұнда тағы қандай қызметтер көрсетіледі?

– Үйленуге бір ай бұрын өтініш біл-дірген жас жұбайлар отбасын жоспарлау мақсатында медициналық тұрғыдан тек-серуден өте алады. Ата-ана үшін қуа-нышты шақ – сәби сүю. Сондықтан жас-тар денсаулығы орталығы мамандары жүктілікті жоспарлау, бедеуліктің алдын алу бойынша кеңес береді. Ер мен әйел денсаулығындағы созылмалы ауруларды емдеу арқылы бала босану мүмкіндігі туралы хабардар болады.

Тіпті жұмыссыз жүрген жастар орта-лықтағы «Мансап» бөліміне келсе, ма-мандығы бойынша жұмысқа орналасуға ықпал жасаймыз. Ал «Бақытты отбасы» бөлімі жас отбасыны тұрғын үймен қамтамасыз етеді. Бұл ретте «Отбасы банк» филиалының қызметкерлері жастарға үй алудың тиімді жолдарын қарастырып, бағыт береді. Сондай-ақ «Бақыт мекені» бөлімінде қазақы отбасының құндылығы мен тәрбие туралы түсіндіріледі. Мұның бәрі отау құратын жастарды жаңа өмірге дайындайтыны сөзсіз. Жас жұбайлардан болашаққа деген сенім мен үмітті байқап, жолдары ашық болсын деп іштей тілеп тұрамыз. Яғни орталық – берекелі ұмырдың баспалдағы іспетті.

Басы 1-бетте

– Қоғамда резонанс тудырған «Бірақ» бағдарламасы бірінші шы-ғарылымынан-ақ жабылды. Әйелдің жан-айқайы мен ішкі күйзелісі көп көңілін күйретті. Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алуда отбасы орталығы қандай шараларды жүзеге асырмақ?

– Тұрмыстық зорлық-зомбылық өте өзекті мәселе. Отбасылық мәселеге тап болған әйелді зорлық көрсеткен күйеуіне қосуға тырысу дұрыс емес. Бұл одан да сорақы жағдайға алып келуі мүмкін. «Ұлт болам десең, бесігіңді түзе, ол үшін әйелдің хал-жағдайын түзе» деген сөз әлі күнге дейін маңызды. Зорлық -зомбылықтың көбеюіне әр түрлі себеп бар. Бірі – тәрбие, екіншісі – тұрмыстың төмендігі, үшіншіден – ерлі-зайыптылар арасына басқа тараптардың араласуы. Түптеп келгенде мұның бәрі адамның психологиялық тұрғыдан әлсіз әрі сауатсыз болуы деп ойлаймын. Себебі кез келген адам өзінің эгокүйлерін сау басқара алатын болса, ішкі-жан дүниесіне үңіле алса, басқа адамға жанашырлық таныта алса, бәлкім, бүгінгідей статистиканы азайтар ма едік?! Орталықта бұл мақсатта тұрақты түрде психолог жұмыс істейді. Яғни жастардың әлде де бір-бірін танып білуіне үлес қосады. Жан саулығына қатысты кез келген сұрақтарға жауап береді.

– Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді дейміз. Соңғы уақытта орын алған жайттар ер-азамат атауы мен әке рөлін түсіріп жіберген сыңайлы. Сіздіңше, заңнан басқа отбасы институтын сақтаудың негізі не?

– Әр отбасы жеке мемлекет. Ол мемлекеттің іргетасын қалаушы, басқарушы – отағасы, әке. Отбасының рухани, материалдық жағынан құл-дырамай, мықты болуы әкеге байланысты. Алайда әке болу бар да, әке бола білу тағы бар. Өкініштісі, бала тәрбиесіне келгенде көп жағдайда отанасына ысыра салатын әке жетерлік.

Бұрын бала санасында, әсіресе ер баланың санасында әкені тұлға ретінде қалыптастыруда ананың рөлі ерекше еді. Анамыз әкеміздің қабағына қарап өсуге бейімдеп, тәрбиелеген болатын. «Әкең жұмыстан келеді», «әкеңмен ақылдас», «әкеңнен сұран» деген секілді қарапайым ғана тәрбиені санаға аналар құйып өсірді. Қазіргі таңда әкенің рөлі сәл төмендеп қалғандай көрінеді. Баланың әкеден гөрі анасына иек артуы басым болып кетті. Менің ойымша, ұл рухты, намысты болып ер жетуі үшін әкесінің тәрбиесін көп көру қажет. Сонда бала әкенің бүкіл тұлғалық болмысына, өмірлік ұстанған принциптеріне қарап, бой түзейді.

Әкенің рөлін көтеріп, абыройын арттыру үшін ана ықпал етуі тиіс. Бірақ қазір бала ақылды. Кімнің көңіл бөліп, бөлмеуін өзі саралай алады. Сондықтан әкелер отбасына, бала тәрбиесіне уақыт тауып, көңіл бөлгені құба-құп. Сонда отбасындағы, бала алдындағы, жар алдындағы рөлі ешқашан аласармақ емес.

– Сұхбатыңызға рақмет!

З.ҚОНЫСЖАН

«Аяулым» – ізденімпаз аруларды біріктірген орталық

– Бала күтімімен үйде отырғалы білім алудан қол үзіп қалғандаймын. Жаңа дүние үйрену, ізденісте жүру адамның көңіл күйіне де әсер ететін секілді. Үй тірлігінен бос уақытты өзіме арнағым келеді...

– Көңілі тыныш, жаны жайдары әйел ғана шуақ шаша алады. «Аяулым» орталығы қыз-келіншектерге пайдалы сабақтар мен тренинг өткізеді екен. Бос уақытымызда бірге барайық...

Бұл – екі құрбының диологы. Иә, бүгінде ізденісті қалайтын, дамушы орта іздейтін арулар үшін үлкен мүмкіндіктер бар. Соның бірі – облыс орталығындағы "Аяулым" орталығы.

Көңілі тыныш әйел – отбасының берекесі

Осыдан бір жыл бұрын «Аяулым» орталығын ашудың да негізгі мақсаты қыз-келіншектерді дамыту, білімді арулардың басын қосу болатын. Құрбылардың идеясынан туындаған эстетикаға толы орта білімді де іскер нәзік жандардың алаңына айналды.

– Әйел адамның көңілі тыныш болса, үйге береке кіретіні рас. Бір бойынан нәзіктік пен даналық, батылдық пен төзімділік табылатын ару аналар – әдеміліктің символы. Бірақ сұлулық та күтімді қажет етеді. Әйел әдемі болу үшін әрдайым өзіне уақыт табуы керек. «Айналадан хабарсыз», білім алу мен ізденісті ұмытқан, табиғаттың таңғажайыбына тамсануды тоқтатқан әйелден жақсы мінез, жайдары көңіл күту қиын. Сондықтан арулардың жанын жадыратын сүйікті ісі, ой бөлісетін ортасы болса деген ниетпен «Аяулым» орталығын ашу туралы идеяны іске асырдық, – деді орталықтың басшысы Гүлбаршын Әлсерікова.

Бүгінде орталықта сурет салуға арналған арт-терапия, әйел денсаулығын жақсартуға арналған кеңес беру тренингтері, қолөнер бұйымдарын жасау, жаңа кәсіп түрін үйрену, қаржылық сауаттылық бойынша курстар ұйымдастырылады. Ал алдағы уақытта кітап оқуды ұнататындар үшін оқырмандар клубы ашылмақ.

Орталық келушілердің сұранысына орай ар-найы мамандарды қонаққа шақырады. Айталық, халықаралық әйелдер күні қарсаңында флористер гүл композициясын жасау бойынша шеберлік сабағын өткізді. Жайлы атмосфера, нәзік гүлдердің ортасында қыз-келіншектердің қалай қуанғанын көрсеңіз... Бұл жиынға облыс орталығынан бөлек, аудандардан арнайы келген келіншектер бар екен. Тіпті кейбірінің 4-5 баласы бар. Соншама жол жүріп, келудегі мақсат не деп ойлайсыз? Әрине, әйелдердің іздегені – әдемілік пен ой бөлісетін орта, көңілдің тыныштығы.

Нәзік жандардың мұнда келуінің бір себебі – жаңа білім алу, кәсіп түрін үйрену. Көбіне ер азаматтардың жұмыс істеп, әйелдердің бірнеше жыл үйде отыруы мамандығынан қол үзуіне әкеледі. Мұндайда кейбір ер адамдардың әйеліне «сен үйде отырып не білесің, сенімен қалай әңгімелесем?» деп тәкаппарланатыны бар. Сондықтан әйелдердің жасына, жағдайға қарамастан жаңа білім алуы қай кезде де актуальды.

Психосоматика – ішкі жандүниеміздің айнасы

«Аяулымда» уақытты тиімді өткізу, білім алудан бөлек психологпен сөйлесу мақсатында келетіндер де бар. Орталық басшысы Гүлбаршын Құрбанғалиқызы қазақ қыздарының көбі өз ойын толық жеткізе алмайтынын, психологқа келуді ұят санайтынын айтты.

– Негізгі мамандығым ауылшаруашылығы, экономика-бизнес саласына байланысты болғандықтан, аудан, облыс әкімдігінде бірнеше жыл қызмет атқардым. Ал тұрмысқа шыққаннан кейін Варшавадағы жоғары оқу орнына психология бойынша оқу түстім.

Психосоматика да осы салаға ұқсас болғанымен, зерттеу бағыттары әр түрлі. Бұл сала аурудың негізгі туындау себептерін анықтайды. Адамның өз өмірінде болып жатқан жағдайды қабылдамауы, күйзеліс, уайымы ауру түрінде белгі береді. Өзім студент кезде аллергияға бейім болдым. Психосоматика саласында білім алу арқылы басқа адамның болмысын қабылдай алмауы аллергияға әкелетінін түсіндім. Түпкі көзқарасымды өзгерту арқылы ғана аллергиядан айыға бастадым. Сондай-ақ бір-неше жыл құлақ ауруынан да қиналғаным бар. Алматыда ота жасатып, дәрігерлер «сенде бәрі жақсы» дегенмен, құлақ ауруы қоймады. Кейінірек мұның басты себебі өз ішімде екенін түсіндім. Бұл саланы тереңірек зерттегеннен кейін басқаларға да көмектесу керек деген шешімге келдім, – деді ол.

Бүгінде психосоматолог қыз-келіншектермен әңгімелесу арқылы аурудың туындау себебін анықтауға көмектеседі. Себебі ұзаққа созылған дерттің қозғаушы күші стресс болуы мүмкін.

«Аяулымға» қайта оралсақ, «мұндай орталық ашу бизнес ретінде тиімді емес» дейді кәсіпкерлер. Сырттан мамандар шақыру, ғимаратты жалға алу, фуршеттер ұйымдастыру көп қаржы мен уақытты қажет етсе керек. Сондықтан «бұл орталық арқылы мол табыс табу мүмкін бе?» деген сауалымызды басшысына да қойдық.

– Біздің негізгі ниетіміз көл-көсір қаржыға кенелу емес. Өзіміз де бала күтімімен үй шаруа-сында болғандықтан, бұл идея қыз-келіншектер бірге дамысын деген ниеттен туындады. Алдағы уақытта орталықтың жоспарын жүйелеп, жаңа тренингтер ұйымдастырмақпыз. «Аяулым» – ма-хаббат, мотивация, қолдау орталығы. Біздің есі-гіміз сіздерге әрдайым ашық, – деді Гүлбаршын Құрбанғалиқызы.

Айдана ЖҰМАДИНОВА

Ер мен әйел адамның табиғи ерекшеліктері

Әйел мен ер адамдар табиғатынан ерекше жаратылыс. Біреуі ісімен нәзік келсе, екіншілері жүрегімен нәзік. Әйел адамдар батылдылығын сыртқа көрсете бермейтін болса, ер адамдар нәзік болып көрінуден қорқады. Осы секілді жағдайларды ескеріп, олардың миларының ерекшеліктерін талдап көрейік:

1. Әйел адам миының көлемі ер адамдікіне қарағанда 10%-ға кіші. Мұның ақыл-парасатқа ешқандай қатысы жоқ.
2. Ер адамның миы уақыт өте келе жылдам кішірейеді.
3. Ер адам жолдан адасып қалған жағдайда арақашықтық пен жүрген жолын есіне түсіреді, ал әйел адам объектілерді есіне түсіріп, жан-жақты бағдарлай бастайды. Рөлде отырған кезде де ер адам жүріп өткен арақашықтыққа мән берсе, әйел адам керісінше дүкендердің түрлі-түсті жарнамаларына басымдық береді.
4. Әйел адамдар барлығын детальді түрде есте сақтаса, ер адамдар маңыздылығы мен нәтижесіне мән береді.
5. Әйел адамдар бір уақытта бірнеше ақпаратты қабылдай алады. Мысалы, кітап оқып отырып әуен тыңдау, теледидар қарау деген секілді...
6. Ер адамдар жаратылыстану ғылымдарын меңгеруге басымдық беретін болса, әйел адам-дар гуманитарлық ғылымдармен айналысқанды ұнатады.
7. Әйел адамдар әңгімелескенді ұнатады. Ер адамдар көп сөздің орнын бір іспен алмастырады.
8. Қоршаған ортаның дыбыстары оларға әр түрлі әсер етеді.
9. Әйел адамдардың сеніміне оңай ие болуға болады. Олар сенгіш келеді.
10. Әйел адамның миы глюкозаның көп мөлшерін қажет етеді.
11. Олар әзілді де түрліше қабылдайды. Ер адамдар үшін әзілдің соңғы тұстары маңызды әрі күлкілі. Ал әйел адамдар үшін әзіл толығымен қызық.
12. Әйел адамдардың ұйымдастыру қабілеті жоғары.
13. Ер адамдар әйел адамдарға қарағанда нашар естиді. Сол себепті әйел адамдар инто-нацияға да мән береді.
14. Ер адамдар әңгімелесу барысында логика-ларына жүгініп, айтылған сөзді сол қалпында қабылдайды. Ал әйелдерге түйсіктері көмекке келетіндіктен, айтылғанды болжап қабылдайды.
15. Әйел адамдардың тіл табыса алу қабілеті бар. Ал ер адамдар әрдайым жарысуды жақсы көреді. Тіпті жарысып жүргенін сезбейтін кездері болады.
16. Ер адам жерде жатқан допты көрсе, бірден теуіп жібереді. Әйел адам керісінше, оны қолына алып лақтыруды жөн көреді.
17. Әйел адамдардың ойы жүйрік. Олар ең алдымен әр істің нәтижесін ойлайды. Ерлер мен әйел адамдардың табиғи айырмашылықтары осы.

Aqmeshit-zhastary.kz

Басы 1-бетте

ӘСЕМНІҢ ӘДЕМІ ӘЛЕМІ

10 мемлекет пен 25-тен астам қаланы аралап үлгерген

Шет мемлекетке алғашқы сапарым 2014 жылы басталды. Ол уақытта студент ретінде басты мақсатым – білім алу еді. Академиялық ұтқырлық бағдарламасы арқылы 2014 жылы Қырғызстан мемлекеті, Бішкек қаласы Жүсіп Баласағұни атындағы Қырғыз Ұлттық университетінде білімімді шыңдап, 2016 жылы Қытай елі Санджы қаласының белді оқу орнында тәжірибе жинақтадым.

Мысалы тіл үйренудің басты әдісі – тәжірибе. Қытай тілі сабағының бірінші күнінде теория жүзінде ереже жазып, саудаға байланысты жаңа сөз жаттасақ, екінші күннің тапсырмасы дүкендерге барып, жаңа сөздерді пайдаланып, сатушылармен сөйлесіп, керек заттарымызды алу болатын. Мұғалім үндемейді, бірақ бізбен бірге еріп жүреді және сол арқылы бізді бағалайтын, – деді Әсем Бекнұрқызы.

Оның айтуынша, әр елдің өзіне тән білім жүйесі бар. Ешбірі салыстыруға келмейді. Оқу барысында өзіне керек ақпаратты түртіп алып отырған.

Жиһанкез ару саяхатшы ретінде осы кезге дейін 10 мемлекет, 25-тен астам қаланы аралап үлгерген. Атап айтқанда, Ресей, Қытай, Моңғолия, Түркия, Қырғызстан, Өзбекстан, Еуропа мемлекеттері.

– Еуропаға саяхат кезінде ұнағаны – қалалар тұрмақ мемлекеттердің бір-біріне жақын орналасқаны. Аз уақыт аралығында автобуспен бірнеше мемлекетке барып-қайтуға болады. Барған әр қаланың орындары бөлек. Керемет пейзаждар, қайталанбас табиғат, ежелгі сәулет, тарихи ескерткіштер – бәрін бір уақытта Еуропадан табуға болады. Ерекше ұнағаны Испанияға тиесілі Балеар архипелагының астанасы – Пальма де Майорка аралы. Бұл қала заманауи және ортағасырлық сәулет өнерінің ерекше қоспасы. Мұнда ежелгі соборлар мен тар көшелер, ыңғайлы қонақ үйлер мен қалалық ғимараттар тамаша үйлесім тапқан. Орта ғасырда басқыншылық соғысынан кейін шіркеуге айналған мешіт те осында орналасқан.

Биыл іс-сапармен Моңғолияда болдым. Бұл ел көпшілік үшін жұмбақ мемлекет. Мен үшін де солай болған. Сапар аясында жарты әлемді жаулаған Шыңғыс ханның ту тіккен жерін жаңа қырынан таныдым. Бір қызығы, моңғол азаматы елдің кез келген аймағынан тегін 0,7 гектар жерге киіз үйін тігіп, өмір сүре береді. Салт-дәстүрлерінің өздеріне тән өзгешелігі бар, ал ұлттық ойындары бізге ұқсас келеді, – дейді Әсем.

Саяхат азарт ойыны секілді, ел аралаған сайын құштарың оянып, тынысың ашылады. Ол үшін де өмір салтына айналып бара жатқандай. Әр жылын жоспарлағанда саяхатқа міндетті түрде арнайы күн белгілеп қояды.

– Жалпы демалудың екі түрі бар: бірі теңіз жағалауларында суға түсіп, күнге күюді ғана мақсат ететін пассивті демалыс болса, ендігісі қала аралап, жергілікті музейлерге барып тарихымен танысу, тұрғындардың тыныс-тіршілігі мен мәдениетін көзбен көру активті демалыс түрі. Маған екінші түрі жаныма жақын.

Жақындарым мен достарым үшін мен кішкентай жолдорбасы бар саяхатшы Дарамын. Осы тұста саяхатшы мен туристің айырмашылығын білген жөн секілді.

Турист тек оншақты күнге тур алып, турагенттің жоспарына сай елді аралап, көре алады. Ал саяхатшы шетелге шыққанда жүріп өтетін маршрутын өзі белгілейді, қаласа жоспарын, бағытын оңай өзгерте алады. Сәйкесінше, саяхатшының күнделікті өмірі де туристке қарағанда ерекше, қызыққа толы болады. Себебі жоспарсыз шытырмандарға тап болуыңыз да мүмкін. Мысалы, сіз бүгін бес жұлдызды қонақ үйде жатсаңыз, ертеңіне әуежайда түнеуіңіз де ғажап емес. Кез келген жағдайға дайын болу керек, – дейді жиһанкез.

Жасыратыны жоқ, саяхаттау адамды төзімді әрі мықты етеді. Жиі саяхаттайтын адам жолсапар барысында әртүрлі жағдайларға тап болады, өзі үшін жаңалық ашады. Соның нәтижесінде оның тез шешім қабылдап, әрекет ету қабілеті арта бастайды.

– Ақшаны дұрыс жұмсауды үйренесің. Шет елде жүріп, сол елдің тілін білсеңіз жақсы, білмеген жағдайда жол сұрау үшін ымдап түсіндірудің өзі сіздің коммуникациялық, адаммен қарым-қатынас орнату, тез тіл табысу қасиетіңізді дамытады. Жаңа ортаға оңай бейімделу әр саяхатшыға тән. Сонымен қатар дүниетанымы, жалпы таным көкжиегі үнемі кеңейіп отырады.

Сондықтан өзім үнемді саяхаттау үшін 5 лайфхакты естен шығармаймын. Біріншісі, ұшаққа билетті арзан алу үшін 1-2 ай бұрын тапсырыс беру немесе тікелей рейс емес, белгілі бір қалаға дейін ұшып, сол жақтан отыруға болады. Екіншіден, қымбат дәмхана емес, көшеден тамақтану немесе қоғамдық асханалардан тамақтану, бес жұлдызды қонақ үй емес, хостель жалдау арқылы үнемдеуге болады.

Саяхаттың негізгі мақсатын ұмытпаған абзал, яғни сіз шоппинг немесе туған-туыстардың әрқайсысына естелік кәдесыйлар аламын деп қаражатыңызды шашқаннан гөрі жаңа әсер алуға жұмсағаныңыз жөн. Экскурсия жүргізушінің немесе гидтің ақылы көмегіне жүгінбей, көретін жеріңіз туралы деректерді өзіңіз алдын ала оқып алып немесе экскурсшы жалдаған топқа қосылу арқылы ақпаратқа қанық бола аласыз.

Алғаш саяхаттап отырсаңыз, өз еліміздегі жерлерден бастауыңызға болады. Елімізде туризм жоғары деңгейде дамымаса да, көруге тұрарлық әсем жерлер аз емес. Ал шет елдерге келер болсақ, біздің елімізге жақын орналасқан Өзбекстан, Ресей, Түркия мемлекеттерінен бастасаңыз болады. Аталған елдерді аралау қалтаңызға салмақ түсірмейді, ұсынары көп.

Саяхат кезінде табиғаттың түрлі ғажайыптары кездеседі: көк аспан, биік таулар, терең мұхиттар, ұшы-қиыры жоқ кең дала. Бұл мен үшін шексіздік пен еркіндік ұғымымен парапар түсінік, – деді Ә.Қаһарманова.

Айдар САЙЛАУОВ

Расул БАЗАРХАНҰЛЫ, жастар белсендісі:

ЖАСТАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ҚИЫНҒА СОҚПАЙДЫ

«Қазақстан студенттерінің Альянсы» – ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің жанынан құрылған республикалық студенттер қозғалысы. Ұйым жастардың құқықтық мәселелерін шешуге, зияткерлік, шығармашылық, инновациялық дағдыларын дамыту мақсатында жұмыс істейді. Студенттік қозғалыстағы сырбойылық жастардың әлеуетін білу мақсатында Қазақстан студенттері Альянсының Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Расул Базарханұлымен сұхбаттастық.

– Расул мырза, өткен жылдың қыркүйек айында облыстық филиалдың төрағасы лауазымына тағайындалдыңыз. Ұйымның жұмысы қалай жүруде?

– Бүгінде облыстық штабқа қарасты 4 бөлімше бар. Атап айтқанда, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, Қызылорда медициналық жоғары колледжі және Болашақ университетінің жоғары колледжі. Оқу орындарында құрылған бөлімшелерде 160-қа жуық студент мүше ретінде тіркелген.

Белсенді жастардың бір алаңда тоғысуының нәтижесінде интеллектуалдық, зияткерлік, мәдени-көпшілік шаралар, акциялар мен дебат байқаулары ұйымдастырылып, құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында әкімшілік жанынан құрылған жедел топпен, ювеналды полиция қызметкерлерімен бірге түнгі рейдтер және әртүрлі бағыттағы түсіндірме жұмыстары жүргізілуде. Қазақстан студенттері Альянсының әр өңірде филиалы бар. Апта сайын өңірлік әріптестермен, басшылықпен жиналыс өтеді. Онлайн кездесу барысында әр өңірдегі өзекті жобаларды талқылап, нәтижесін сараптаймыз. Әр аймақтың өзіндік үздік жобалары да болады. Көп жағдайда бір тақырыптағы іс-шараларды барлық аумақта бір мезетте жасауға тырысамыз. Сол кезде жастардың назарын аудартып, қызығушылығын оята аламыз деп ойлаймын. Бастысы, біз санға емес, сапаға мән береміз.

Ұйым мүшелерінің саяси бағытқа қызығушылығы жоғары, өзіндік көзқарастары қалыптасқан. Қайырымдылық жұмыстарымен тұрақты айналысады. Қызылорда студенттерінің Альянсы – республика бойынша жетекші ұйымның бірі. 2023 жылы еліміз бойынша «Үздік штаб» номинациясын иеленді. Бұл біз үшін үлкен жетістік. Әрі үлкен жігер сыйлаған марапат. Мұнымен тоқтап қалмаймыз, әрі қарай өз жұмысымызды жоғары деңгейде жүргізуге тырысамыз.

– Ақпан айында Қызылорда медициналық жоғары колледжімен ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойдыңыздар. Басқа да келіссөз аясында қандай нәтижеге қол жеткіздіңіздер?

– Өткен жылдың қыркүйек айына дейін төраға қызметінде Сабыржан Бақытжанұлы жұмыс істеді. Сол кезеңде бірнеше оқу орындарымен, жастар ұйымдарымен келіссөздер жүргізілді. Сол келіссөздер аясында өткізілген жобаларымыз бен іс-шараларымыз оң нәтиже беруде. Бүгінде «Respublica» партиясы» Қызылорда облыстық филиалы, облыстық және қалалық жастар ресурстық орталықтарымен, жастар ұйымдарымен тығыз байланыс орнатылды. Қазіргі уақытта «Respublica» партиясы» Қызылорда облыстық филиалы жанындағы Жастар бірлестігімен көптеген іс-шараларды өткізудеміз. Сондай-ақ «Qosyl» деген атаумен жастар арасында танымал қалалық жастар ресурстық орталығында біздің ұйымның жеке кабинеті бар. Алдағы уақытта студент жастардың әлеуетін арттыруда, басқа да ұйымдармен әріптестік байланыс орнатамыз. Кез келген ұсыныстарды тыңдауға әзірміз. Дамудың даңғыл жолында жастардың бірге болуы маңызды.

– Республикалық штабпәтердің біздің облысқа көзқарасы қандай? Филиалдар арасында рейтинг жүргізіледі ме?

– Көзқарасы өте жақсы. Басшылық Тараз, Алматы, Түркістан, Қызылорда өңірлерінде атқарылған жұмыстарды жоғары бағалауда. Сыр өңірі басқа облыстарға қарағанда медиа саласы мен ақпараттандыру жұмыстары бойынша алдыңғы қатарда. Өңірлік әріптестермен де жақсы қарым-қатынастамыз. ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің жанындағы студенттік омбудсмендер еліміз бойынша тағайындалған. Қызылорда облыстық студенттік омбудсмен қызметін Сабыржан Бахытжанұлы атқарады. Сабыржан Қуандықпен бірлесе отырып, ЖОО-лардың жатақханаларына мониторинг және түнгі рейдтік жұмыстар тұрақты түрде жүргізіледі. Қызылорда студенттерінің Альянсы үнемі белсенді, студенттердің алдында өз беделін түсірген емес. Жыл сайын жаңа толқынмен құрамы жаңарып, жаңа леп әкелуде.

– Жастардың жобаларын дамыту жолында түрлі гранттар бөлінуде. Бақ сынап көрдіңіздер ме?

– Елімізде ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен, Азаматтық бастамаларды қолдау орталығының бастамасымен волонтерліктің 7 бағыты бойынша шағын гранттар байқауы өткізіледі. Біз осыған дейін шағын гранттар байқауына қатысып, жеңімпаз атанып, Сыр өңіріне республикадан қаржы тартқан болатынбыз. Біршама өзекті жобаларды облыста жүзеге асырдық. Жобалар туралы толығырақ әлеуметтік желіде жарияладық.

Биыл да Қызылорда студенттері Альянсының жанынан арнайы топ құрып, жобаларға қатыстыруды көздеп отырмыз. Жастардың шағын гранттар байқауына қатысуы арқылы өзін-өзі басқару ортасы қалыптасады. Ұйымның белгілі қаржыландыру көзі болмаса да, өз күшімен жұмыс істейді.

– Neet санатындағы жастарға тоқталсақ. Жұмыссыз жастарды қоғаммен байланыстыруда Альянстықтардың тарапынан қандай жұмыс атқарылуда?

– Иә, қазіргі уақытта «Neet» санатындағы жастар деген түсінік бар. Бұл мәселе бізге де таныс. Жұмыссыз жастарды қоғаммен тығыз байланыстыруда ақпараттық жұмыстарды күшейтіп, медиа саласы бойынша көмек көрсетудеміз. Алдағы уақытта арнайы жобамызды әзірлеп, қалалық жастар орталығымен байланыс арттыру жоспарлануда.

– Жастармен жұмыс істеу қиын деседі…

– Бізге жастармен жұмыс жасау қиынға соқпайды. Себебі, жастар саясатында азды-көпті тәжірибеміз бар. Біз студент жастардың ойында жүрген, жасағысы келетін жобаларды әзірлесек, олар дамушылар қатарына қосылады. Көп жағдайда студенттерге әртүрлі мүмкіндіктерді беруге тырысамыз. Мәселен, рухани даму, тәжірибе арттыру, өмірлік маңызды дағдыларды қалыптастыру деген секілді. Жастармен жұмыстың оңайлатудың тиімді тұсы олардың ұсыныстарын әрқашан тыңдап, қолдау білдіру. Демек, сұранысты дер кезінде ұстай алсақ, жастар қоғамның негізгі күші екенін, өмірден ойып тұрып орын алатынын сезінеді.

– Әлеуметтік желіде негатив кездесе ме? Жағымсыз пікірмен қалай күресесіздер?

– «Ит үреді, керуен көшеді» деген қазақта жақсы сөз бар. Дегенмен әр адамның қоғамға, ондағы адамдарға байланысты өзіндік пікір білдіруге құқығы бар. Біздің тарапқа айтылған сын мен пікірді дұрыс қабылдаймыз. Сыннан нәтиже шығарамыз. Әрбір адам өзіне айтылған сынды дұрыс қабылдап, оны өзгертуде дұрыс шешімдер қабылдай алуы керек. Негатив пікірге жағымсыз реакция білдіру адамгершілік тұрғысынан да, жұмыс барысында да өрескел қателік болады деп ойлаймын.

– Биылғы жоспармен бөліссеңіз...

– Негізінен Қазақстан студенттерінің Альянсы ұйымы жоғары оқу орындарында құрылу керек. Өзіңіз білетіндей, Сыр өңірінде университеттер саны аз. Сондықтан да жоғары оқу орындарының студенттерімен шектеліп қана қоймай, колледж студенттерімен де біргеміз. Бүгінде колледж студенттері ұйымға қызығушылық білдіруде. Алдағы уақытта олардың ұсыныстарын ескеріп, басқа да колледждерден бөлімшелер ашылады. Мәселен, сәуір айында И. Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық техникалық жоғары колледжі мен «Orda» жоғары колледжінде бөлімшелеріміз ашылады. Сонымен қатар шет аймақтағы білім ордаларымен де келіссөздер жүргізілді. Мәселен, Титов, Гагарин секілді аймақтарда құқық бұзушылық ісі жиі тіркеледі. Мақсатымыз шет аймақтардағы құқықбұзушылықтың алдын алуға өз үлесімізді қосу. Студенттерді ұйым жобаларына тарту арқылы бос уақыттарын тиімді өткізуіне ықпал ету.

Студент жастардың құқығы деп бос сөзбен шырылдамай, іспен дәлелдеген абзал. Сондықтан жастардан бөлек, ата-аналарымен кездесу ұйымдастырылады. «Балық берме, қармақ бер» демекші, студенттердің біліктілігін арттыру мақсатында заман ағымына сай дамып келе жатқан мобилография, SMM, 3D дизайн және т.б. жаңа мамандықтарды қатыстырып, өз жобаларымызды әзірлейміз. Нәтижесінде студент жастар оқыту курстарынан өткеннен кейін, өз қажеттіліктеріне пайдаланып, қаржы табу мүмкіндігіне жол ашылады. Биыл Қызылорда студенттері Альянсының жанынан кітап клубы құрылады және өзге де өңірлік әріптестерімізге ұсыныс ретінде жолдаймыз.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Әлия ТӘЖІБАЙ

Бәсекелестік үстемдік етіп тұрған шақта бизнестің кез келген саласы сұраныста. Жастар, соның ішінде студенттер мүмкіндікті тиімді пайдаланып, бизнеске кеңінен жол ашуда. Бұл өз кезегінде кәсіпкерлік рухты қалыптастыруда. Сондай-ақ жеке кәсіп менеджмент, коммуникация және шығармашылық әлеуетті дамытуға көмектеседі.

БИЗНЕСТІ серік еткен СТУДЕНТТЕР

ОҚУ ОРДАСЫНДАҒЫ «BAMBI» КАФЕТЕРИІ

– Жасым 23те, архитектура мамандығының студентімін. Бизнес саласында жүргеніме 2 жылдан асты. Бұған дейін әртүрлі кәсіп көздерінің басы-қасында болып, біршама тәжірибе жинадым. Десе де барлығы тұрақсыз, арнайы межелеген уақытқа дейін ғана пайда әкеліп отырды. Осы кезге дейінгі тәжірибемді жинақтап, өз бағымды сынайтын сәттің туғанын түсіндім. Өз кәсібімді қолға алу үшін көп дүниеден бас тартып, тәуекелге бел будым. Бұл бизнесті жүргізуде ешқандай мемлекеттік грант немесе кәсіпкерлік несиенің көмегіне жүгінбедім. Алайда маған қолдау білдіруші отбасым, достарым мен жақындарым мотивация болды.

Қазіргі кезде басқарып отырған бизнесім – шағын кофейня. Өзім оқитын университет қабырғасынан кофе, шай, шоколадтағы жемістер, алуан түрлі сусындар дайындайтын «Bambi» кафетериін аштым. Жастар ортасы болғандықтан қызығушылық танытатындар көп. Сабақ пен бизнесті қатар алып жүру мәселе туғызуы мүмкін, алайда кез келген проблеманың өз шешімі, қайыры болады. Шектеулердің сызып қойған шекарасын бұзу мол тәжірибе, пайдалы білім болатынына сенемін, – дейді студент-кәсіпкер Нұрдәулет Амангелді.

AI_LUV ДҮКЕНІ ЖҰПТАР ЖҮРЕГІНДЕ

– Мен жастайымнан ораторлық қасиетке ие болдым, сондықтан еліміздегі пікірсайыс турнирлеріне жиі қатысып, көбінде жеңіске қол жеткіздім. Осы талантымды жоғары бағалағандар курс ашып, сабақ өткізуімді сұрады. Мұны мүмкіндік деп қабылдаған мен өз қабілетімді пайдама жаратамын деп ниеттендім. Сол уақыттан бастап, сұранысқа ие инфобизнеспен, яғни онлайн форматта білім берумен, ораторлық қабілеттерді дамытумен айналысуды қолға алдым. Бұл менің бизнеске басқан алғашқы адымым.

Сондай-ақ әлеуметтік желіде «Ai_Luv» атты онлайн дүкен аштым. Дүкенде жұптарға арналған «хит» өнімдер сатылады. Атап айтсақ, гипстен жасалған мүсіндер, картинаға сурет салу, романтикалық туындыларды жасау – жас жұптар арасында танымалдылыққа ие. Кәсібім оңға басып, қолдаушылардың саны көп болды. Жалпы бизнес бастауға ниеттенген адамның жүрегінде түгі және қайтпас қайраты болуы тиіс. Өз қабілеттерін онтайлы жүзеге асыра білген адам несібесіз қалмайтынын, еңбектің түбі тек жеңіске әкелетінін түсінсе екен деймін, – дейді студент, жас бизнесвумен Айжан Орынбасар.

«ZUKHRA BRAND» ЖӘНЕ «UMMA COFFEE»

– Бұл салаға 16 жасымнан бастап білек сыбана кірістім. Біреу үшін ересек бойжеткен қыздың жасы болса, сол сәттегі бала мен үшін ең салмақты және батыл қадамдардың бірі болды. Мектепте оқып жүріп «Сыбаға» базарынан әйелдер киімін сататын дүкен аштым. Ал бүгінде кәсібім дөңгелеп тұр. «Zukhra brand» аталатын дүкеннің жұмысын үйлестіру анам екеумізде. Қазір 3-курс студентімін. Бойымды қайсарлық биледі ме, білмеймін. Әйтеуір өзімді бизнестің бейтаныс саласында сынап көруге шешім қабылдадым. Жуырда қасиетті Рамазан айында «Umma coffee» атты кофехана желісінің тұсауын кестім. Қолдау білдіріп келушілердің саны толассыз. Мұны мен берекелі бизнестің бастауы деп санадым.

Бизнес жүргізу жас талғамайды. Жас болсаң да қорқынышқа бой бермей, өзіңе сенім артып, атқарғалы тұрған жұмысыңа жауапкершілік таныту қажет. Бұл кәсіптерді бастау үшін ешқандай банк есігін торуылдап, қарызға батуға беттемедім. Жас бизнес өкілдеріне де мұндай тәуекелге бел бумауын сұрар едім. Себебі өмір тосын сыйларға толы, әліптің артын бағуымыз қажет. Мен үшін оқу мен бизнесті қатар алып жүру қиындық тудырмайды. Өйткені мамандығым тамақтану саласымен ұштасып жатыр. Сондай-ақ бұл салада машықтанып, мол тәжірибе жинау – өмірлік азық болмақ. Бизнес арқылы қандай салада жұмыс істесем де қоғамға пайдалы болуды борышым деп есептеймін, – дейді кәсіпкер Қарақат Нұрбол.

Нұршат НЫШАНОВА

Жас келсе іске. Жастар – қоғам өзгерістеріне тез әрекет етуге қабілетті халықтың ең икемді мобильді тобы. Бүгінде жастар санатындағы азаматтар еліміздің 60 пайызын құрайды. 35 жасқа дейінгі азаматтар, жас отбасылар, жас кәсіпкерлер мемлекеттік тапсырмаларды жүзеге асыруда маңызды ресурс.

ЖАС КӘСІПКЕРЛЕРДІ ҚОЛДАУ – ЖАҢА СЕРПІЛІС

Қазіргі таңда республика бойынша экономикалық белсенді халық 9 миллионға жетіп отыр. Оның 6,8 миллионы жалдамалы қызметкерлер болса, 2,1 миллионы өзін-өзі жұмыспен қамтушылар. Яғни жеке кәсіпкер, құрылтайшы, АҚ қатысушылары, түрлі жеке серіктестік, тәуелсіз жұмысшылар, өндірістік кооператив мүшелері дәл осы екінші категорияға жатады.

Елімізде шағын және орта бизнестің дамуы, әсіресе, жастар кәсіпкерлігіне қолдау көрсету жылдан жылға қарқын алып келеді. Статистикаға сүйенсек, жас кәсіпкерлердің басым көпшілігі орналасқан аймақтар: Алматыда 16,7% құраса, Астанада 11,4% тұрады. 30 жасқа дейінгі кәсіп иелерінің 10%-дан астамы Түркістан облысына тиесілі.

Аталмыш бағыт аймағымызда да назардан тыс қалып жатқан жоқ. Мәселен, облысымызда 2023 жылы шағын және орта кәсіпкерлік бойынша 71 147 субъекті тіркелген болса, оның 43,3 пайызын жас кәсіпкерлер құраған. Яғни, аймақта кәсіптің көзін тауып, тіршілігін табысты дөңгелетіп отырған 30 835 жас бар.

Облыстық кәсіпкерлер палатасының мәліметінше, 2023 жылы аймақта шағын және орта кәсіпкерліктің 4716 жобасына 68 млрд теңге сомасында қаржылай қолдау көрсетілген. Атап айтар болсақ, «Кәсіпкерлікті дамытудың ұлттық жобасы» аясында жалпы несие портфелі 31 млрд теңгені құрайтын 837 жоба субсидияланған. Оның ішінде, жалпы несие портфелі 6,1 млрд теңгені құрайтын 235 жоба жас кәсіпкерлердің үлесінде. «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы микроқаржы ұйымы арқылы 372 жоба 3 млрд теңгеге қаржыландырылса, оның 12,7 пайызын жас кәсіпкерлер құрайды. Яғни, жас кәсіпкерлердің 52 жобасына 382,4 млн теңге көлемінде қаражат бөлінген. Ал аграрлық несие корпорациясы арқылы жастардың 492 жобасы 2,3 млрд теңгеге қаржыландырылған.

Шағын және орта бизнес кез келген мемлекеттің экономикасында маңызды рөл атқарады. Өз кәсібін ашу дағдылары мен мүмкіндіктерін меңгере отырып, жастар ең алдымен өзін жұмыспен қамтамасыз етеді. Бұл еңбек нарығының басқа қатысушылары үшін де жұмыс орындарын құруға тікелей әсер етеді.

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға 2023 жылы аймағымызда 400 АЕК, яғни 5 млн теңгені құрайтын мемлекеттік гранттар 1547 жобаға 2,2 млрд теңге сомасында табысталып, оның ішінде жас кәсіпкерлердің үлесі 38,6 % яғни 857,6 млн теңгеге 597 жобаны құраған.

Шағын және орта бизнесті қолдау және дамыту бағытындағы шаралар биыл да іске асырылуда. Қазірдің өзінде кәсіпкерлікті қаржылай қолдауға бюджеттен 19 млрд теңге қаржы бөлініп отыр. Оның ішінде банк несиелерінің пайыздық мөлшерлемелерін субсидиялауға және ішінара кепілдік беруге 2 млрд теңге, жастардың кәсіпкерлік бастамасына 2,5 пайызбен несие беруге 2 млрд теңге, «Ауыл аманаты» аясында 5,7 млрд теңге, жұмыссыз азаматтардың кәсіпкерлік бастамасына қайтарымсыз гранттар беруге 2,3 млрд теңге қарастырылған.

Бұл мемлекеттік қолдау шараларын алуға аймақ кәсіпкерлерінің, оның ішінде жастардың мүмкіндіктері бар.

Жастар кәсіпкерлігін қолдау – тың идеялардың, инновациялардың, жұмыс орындарын құрудың және азаматтардың өмір сүру сапасын жақсартудың қозғаушы күші. Мұндай шаралар жастар арасында кәсіпкерлік белсенділікті арттыруға септігін тигізіп, елдің экономикалық өсуі мен өркендеуіне ықпал етеді.

Жас кәсіпкер нені білуі тиіс?

Шағын және орта бизнестің, әсіресе жастар кәсіпкерлігінің дамуына кедергі келтіретін бірнеше мәселе бар. Банктер мен инвесторлар көбінесе жас кәсіпкерлерді тәуекелі жоғары қарыз алушы ретінде қарастырады, бұл несие мен инвестиция алуды қиындатады. Дегенмен қазіргі таңда кәсіп ашуды көздегендер мемлекет тарапынан өз деңгейінде қолдау тауып отыр деуге толық дәлеліміз бар. Қажетті қаражатқа қол жеткізу жыл санап жеңілдеп келе жатқаны көңіл қуантарлық жайт.

Екіншіден, күрделі бюрократиялық процедура мен жоғары әкімшілік жүктеме жас кәсіпкерлерге әжептеуір қиындық туғызады. Бизнесті бастау және жүргізу уақыт пен ресурсты, сондай-ақ жиі тексерулер мен көптеген ережелерді талап етеді.

Үшіншіден, кәсіби білім мен дағдының жоқтығы тағы бір мәселе. Жас кәсіпкерлерде көбінесе бизнесті жүргізу, маркетинг, қаржы немесе заң аспектілері туралы жеткілікті білім жоқтың қасы. Осының салдарынан кәсібін жаңадан бастаған жас кәсіпкер өз саласындағы сарапшылармен бәсеке кезінде үлкен кедергілерге ұшырайды.

Сондықтан жас кәсіпкерлерге бизнесті жүргізудің түрлі аспектілері бойынша кеңес беретін мамандандырылған бизнес-инкубаторлар мен стартап орталықтарына жүгінген абзалырақ. Бизнесті жүргізу, нарықты зерделеу және бизнес жоспарын әзірлеу бойынша білімін мейлінше толықтыру қажет. Бұл кез келген жас кәсіпкердің кәсіби деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді.

Аружан ОРАЛБАЙ

«ZHAS PROJECT» жобасына өтініш қабылдау басталды

25 наурыздан бастап Қазақстанның 20-ға жуық өңірінде «Zhas Project» жобасына қатысуға өтініш қабылданады.

Жобаға 18-34 жас аралығындағы (қоса алғанда) NEET санатындағы жастар (уақытша жұмыспен қамтылмаған) қатыса алады. «Zhas Project» жас қазақстандықтардың мүмкіндігін арттыруға бағытталған. Жобаға қатысушылар өз аймағындағы әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталған тиімді бастамаларды жүзеге асырып, сонымен қатар көшбасшылық қабілетін де дамыта алады.

Жастар әлеуметтік және кәсіби бағдарлау бойынша жаңа білім мен дағдыға ие болады. Бизнес құру және жүргізу бойынша кәсіби менторлық қолдау ала алады. Жоба жеңімпаздарының әрқайсысына әлеуметтік бастамаларды іске асыру үшін 1 миллион теңгеге дейін шағын гранттар бөлінеді. Болашақта 280 жоба іске асырылды.

Өтініштерді қабылдау 24 сәуір, сағат 23:59-ға дейін жалғасады. Әр өңір бойынша жобаны басқаратын және өтініш қабылдайтын ҮЕҰ-мен байланыс мәліметтері cisc.kz сайтында, Zhas Project бөлімшесінде көрсетілген.

«АЖ» ақпарат

АЛМА ҚЫРАУБАЕВА – ТЕКТІ ЕЛДІҢ ЖАРЫҚ ЖҰЛДЫЗЫ

«Профессор, филология ғылымдарының докторы Алма Мүтәліпқызы Қыраубаева – қазақ топырағында туып, ұлттық болмыстың нұрлы шуағынан нәр алған, табиғаты бөлек, оқу мен білімді өнер деп танып, ұлтты тәрбиелеудің ұлы құралы санаған жан».

Фаузия ОРАЗБАЕВА

Қазақ әдебиетінің тарихы, бүгінге дейін зерттеліп келе жатқан тың дүниелердің бірі. Сөз өнерінің сан ғасырлық тарихын зерттеп, оның қазіргі маңызы жөнінде ізденіп жүрген ғалымдар аз емес. Соның ішінде алты Алаштың анасы болған Сыр елінің перзенті, көрнекті ғалым, филология ғылымдарының докторы әрі профессоры Алма Қыраубаеваның ғылымдағы орны һәм төлтума еңбектерінің маңызы бүгінгі ұрпақ үшін аса зор.

“Сыр елі, жыр елі – Түркінің жүрегі” демекші, киелі жерде дүние есігін ашқан соң, жерлестеріміздің қаламынан туған құнды еңбектерін зерттеу мен үшін жай ғана міндет емес, нағыз парыз. Сыр елінің борыштар перзенті ретіндегі міндетім бала шақтан бастау алып, бүгінде ғұмырлық мақсатыма айналды. Сол қалауыма жету үшін әрі сөз өнерінің асыл қазынасын айшықтай түсетін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болуды өмірлік жол ретінде таңдаған соң Алма апамның салған сара жолымен жүріп, баға жетпес еңбектерін зерттеу үшін айқын міндет.

Көрнекті ғалым қазақ халқының ежелгі дәуір әдебиетін зерттеп, сол ғасырдың бай мұраларын бүгінге жеткізіп, әдебиетіміздің дамуына сүбелі үлес қосты. Осындай маңызды зерттеулерінен ғалымның қаламынан «Махаббатнама», «Түркі әдебиеті», «Ғасырлар мұрасы», «Жаным садаға», «Шығыстық қисса-дастандар» атты монографиялар мен оқу құралдары, жүзден астам ғылыми-әдістемелік, публицистикалық мақалалар жарыққа шықты. «Ұстазы мықтының – ұстанымы мықты» демекші, әдебиеттану ғылымдарының көрнекті қайраткері Бейсембай Кенжебаев – дарынды ғалымның жұлдызын жаққан ұстазы. Алма Қыраубаеваның әдебиетке деген кіршіксіз махаббатын оятқан ең алдымен өзінің жанжақтылығы мен дарындылығы десек, екінші жағынан оның рухы биік һәм ізгі мұратты қыз екендігін, биязы әрі ибалы, сонымен қатар топбасшылығын, өнер десе ішкен асын жерге қоятындығын, көзіндегі лаулаған шоқты көре алған ұстаздарының арқасы деп білемін. Оның ғылыми ізденістері негізінен көне түркілік әдеби мұраларды зерттеуге арналған. Ғалым ретінде оның алдына қойған екі мақсаты: бірі – әлі зерттелмеген құпияға толы әдеби құндылықтарды ғылыми тұрғыдан игеру болса, екіншісі – сол игерілген жауһарды қазақ халқының кәдесіне жарату болған. Оның ғылыми-зерттеу еңбектерін 4 салаға бөліп қарастыра аламыз. Олардың бірінші бағыты ретінде ғалымның орта ғасырлардағы шығыс қисса-дастандары мен орта ғасыр әдебиетін зерттеуін айтамыз. Бұл бағыт оның докторлық диссертациясы негізінде жазылған. Алма Қыраубаеваның 1997 жылы «Шығыстық қисса-дастандар» монографиясы жарық көрді. Ал екінші бағыты – түркологиялық зерттеулері. Бұл салаға ғалымның «Махаббатнама», «Түркі әдебиеті» сынды 1985-1988 жылдары жарық көрген еңбектерін жатқызуға болады. Үшінші бағытына келетін болсақ, бұл – педагогикалық зерттеу еңбектері. Ғалымның осы педагогикалық зерттеу еңбектері мен ұстанымдары да жаңа буынды тәрбиелеуде, оқушыны жеке тұлға ретінде дамытуда тың тұжырымдарымен ерекшеленді. Алма Қыраубаеваның зерттеу еңбектерінің төртінші бағыты жыр алыбы – Жамбыл Жабаевқа арналды. Осы орайда ғалымның қазақ әдебиетінің өкілі Жамбыл Жабаевтың шығармашылығына қосқан үлесі зор екенін айта кеткеніміз жөн. Ол ақынның ескі әрі еш жерде жарық көрмеген термелерін жинақтап, «Жамбыл әуендері» жинағын құрастырған. Назар аударып қарайтын болсақ, ғалым өзінің ғұмырын қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуден бастап, қазақ оқушылары мен студенттерінің білім алу жолына толық арнаған. Бұлай дейтін себебіміз біріншіден, Алма Қыраубаева жоғары оқу орындарында оқытылатын «Ежелгі әдебиет» оқулығының, «Ежелгі дәуір әдебиеті» хрестоматиясының тұңғыш авторы. Сонымен қатар ғалым қазақ мектептерінде басшылыққа алынуы тиіс «Тілашар», «Елтану», «Әлемтану», «Әдеп» бағдарламаларын жасады. Тәрбиенің алдында тұрған басты міндет қазіргі қазақ жастарының мінезін дұрыс қалыптастыру екендігін өз зерттеулерінде айшықтап көрсеткен. Осы орайда Алма Қыраубаеваның «Мұғалім – тергеуші емес, үйретуші, тәртіпке салып қоюшы емес, рухани өсіруші. Баланы қызықтыру арқылы ерте білетін адам балаға нені үйреткісі келсе, соны өзі көрсетеді. Баланың қазақ деген ұлы халықтың ұрпағы екеніне, қазақ жерінде тұратындығына мақтаныш сезімін қалыптастыру – мұғалімнің абыройлы ісі» деген сөз оралымдарынан қазақ балаларына жанашыр ұстаз әрі елінің ертеңіне алаңдайтын абыройлы ғалым екеніне толық көзіміз жетеді. Ғалымның шәкірті филология ғылымдарының докторы әрі профессор Қанипаш Мәдібаева да өзінің «Алма апайдың мектебі» атты мақаласында осы сөзімізді дәлелдей түскендей: «Алма Мүтәліпқызы сол бір жылдарда ұлт болашағы үшін үлкен жобамен жұмыс бастады. Қазіргідей тендер ұтып, қаржы алатын жоба емес. Көк тиын көмексіз, қазақ баласын өркениет төріне шығаруды көксеген көптің тілегіне орай аспаннан түскендей ғажайып бастама еді. Ғылыми негізді, сауатты, білікті маманның теориялық тұғырлы білім тұжырымдамасының тәжірибеде жүзеге аса бастағанын көзбен көрдік» деп жазған болатын. Демек Алма Қыраубаева ғылымның қай саласында да, әдебиеттің қай дәуірі болсын қазақ балаларының сауатты да саналы болуын ғұмырлық мақсатына айналдырған зиялылардың бірі. Оның бірден-бір дәлелі ретінде жоғары оқу орындарында «Ежелгі дәуір әдебиеті» Алма Қыраубаеваның авторлығымен оқытатындығын ауыз толтырып айта аламыз.

Қорытындылай келе, Алма Қыраубаева өзінің бар ғұмырын білім мен ғылым жолына арнап, ел ертеңіне өшпес мол мұра қалдырды. Ұстаздың ұлы жолын құрметтейтін ұрпақ ретінде біздің міндетіміз ғалымның әр еңбегіне дұрыс баға бере алу және өз дәрежесіне көтеру деп есептеймін. Осы тұрғыда ұлы ғалым Алма Қыраубаеваның барлық зерттеу еңбектерін, мақалалары мен ұстанымдарын қамтитын үлкен монографиялық еңбек жарық көруі тиіс деген ұсыныс білдіремін. Әрине, ұстазымыздың еңбектерінің бағасы бұдан да биік, алайда қараңғы жолда жеті қарақшыдай жанып, жол көрсететін келешек ұстаздар үшін, көкірек көзін ашамын деген біз секілді жастарға және жас ізденушілерге таптырмас құрал ретінде ғалымның құнды еңбектерінің жинағы жарық көрсе, нұр үстіне нұр болар еді!

Нұрайым ЖАСҰЛАНОВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 3-курс студенті

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС КҮШЕЙЕ БЕРЕДІ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Бұл салада қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол – жемқорлық. Елімізде осы мәселеге арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан жұмыстар да баршылық, бірақ бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстанның бүгінгі күнгі күрделі мәселесі. Үлкен әлеуметтік қасіретке айналған ол саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдердің қайқайсысын да қатты алаңдататыны анық.

«Сыбайлас жемқорлық» түсінігінің мағынасына этимологиялық қарау мұны «параға сатып алу», «пара» ретінде, «corruptio» деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ «corrumpire» түсінігі болған. Ол жалпы сөзбен айтқанда «сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, параға сатып алу» деген түсінік беріп, құқыққа қарсы іс – әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

Ата-бабаларымыз «тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деп дөп айтқан. Олардың әділдік пен турашылдықты ту еткендігіне Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би және тағы да басқа билер мен шешендердің өмірі дәлел болатынын біз тарихтан жақсы білеміз.

Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет, Яғни пара беру де, пара алу да үлкен қылмыс ретінде саналатындай жағдай, қоғамдық сана қалыптасуы қажет. Сыбайлас жемқорлық мемлекеттік аппараттың қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, заңдылық қағидаларын жоққа шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жолын кесу, ашу және тергеу жұмыстары жоспарлы түрде жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес, сыбайлас жемқорлық қылмыстарға негізінен лауазымды қылмыстар жатады. Өмір көрсеткендей, қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, білікті не қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, парақорлыққа делдал болу,

қызметтік жалғандық жасау, көрінеу жалған сөз жеткізу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе ысырап ету, көрінеу жалған жауап беру, сарапшының жалған қорытындысы немесе қате аудару, жалған жауап беруге немесе жауап беруден жалтаруға, жалған қорытынды беруге не қате аударуға сатып алу, лауазымды адамдардың сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін орындамау, осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады.

Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік – экономикалық даму, нарықтық экономиканы құру инвестициялар тарту процесін баяулататын және демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсер ететін, елдің даму болашағына айтарлықтай қауіп төндіретін құбылыс. Елбасы биыл да «Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру – мемлекеттік саясаттың басты мақсаты» атты Қазақстан халқына Жолдауында «демократиялық қоғам жағдайында қылмыс пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес ерекше мәнге ие болады» деп атап көрсетті. Яғни бұл мемлекеттің осы жағымсыз құбылысты жою бағытындағы кешенді және жүйелі күрес жүргізу саясаты жанданып, әрі қарай жалғасын табады деген сөз.

Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен пәрменді күресу үшін халықтың құқықтық сауаттылығын жоятын, құқықты түсіндіру жұмысының деңгейі мен сапасын арттырудың маңызы зор. Халық өзінің құқықтарын, өздеріне қарсы қандай да бір құқыққа қайшы іс-әрекет жасалған жағдайда қандай іс-қимыл қолдану керектігінің нақты жолдарын толық білулері қажет. Конституциялық тәртіпті қорғау, сыбайлас жемқорлықпен күрес аясында тиімді, бірыңғай жалпы мемлекеттік саясат жүргізу, мемлекет пен азаматтардың өмір сүруінің барлық салаларында сыбайлас жемқорлық пен оның көріністері деңгейін төмендету, қоғамның мемлекетке және оның институттарына сенімін нығайту басты мақсат болып табылады.

Осы бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстан Республикасында қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы қолданысқа енді. Бұл Жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын-алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді.

Қызмет құзыреті бойынша Тәртіптік кеңесі Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңы мен Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметкерлерінің Ар-намыс кодексі талаптарының сақталуын қадағалап, аталған заңнама мен кодекс талаптарының бұзылуына жол берген қызметкерлердің тәртіптік жауапкершілігін қарау белгіленген.

«Сыбайлас жемқорлықты» болдырмауды насихаттау мақсатында Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының қызметкерлерімен іс-шаралар, яғни «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында дөңгелек үстел, жедел кеңес және семинар сабақтары жиі өтеді.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу.

Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу Қазақстан Республикасы азаматтарының борышы деп білу керек.

Қ.ЗАДАЕВ,
Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының аға сот приставы

«QAISAR» әскери-патриоттық жобасы аясында Қызылорда гарнизонының №66597 әскери бөлімінде «Айбынды армия – Тәуелсіздік кепілі» атты ашық есік күні өтті.

АЙБЫНДЫ АРМИЯ – ТӘУЕЛСІЗДІК КЕПІЛІ

Жобаның негізгі мақсаты – азаматтарды Отан алдындағы борышын өтеуге шақыру, әскери-патриоттық рух қалыптастыру, салауатты өмір салтын насихаттау.

«AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» ЖҚ Қызылорда облыстық филиалының ұйымдастыруымен өткен әскери шараға университет пен колледж студенттері және Абылайхан атындағы №140 орта мектебінің оқушылары қатысты. Жиын барысында жастар өздерін қызықтырған қару-жарақтар және қорғаныш құралдарымен танысты. №66597 әскери бөлімінде түскі ас ішіп, сарбаздардың өміріне шолу жасады.

Әскери қызметкерлер қонақтарға заманауи атыс қаруының мүмкіндіктері, әскери және қорғаныс құралдарының техникалық сипаттамаларымен таныстырды.

Сонымен қатар қатысушылар әскери бөлім базасымен, оның құрылымымен танысып, ашық диалог алаңында әскери қызметкерлермен сұхбаттасты.

«Жастар рухы» ЖҚ Қызылорда облыстық филиалы

ЖАҢА РЕКОРД ТІРКЕЛДІ

Алматы облысының Қарасай ауданында грек-рим, еркін және әйелдер күресінен 17 мен 23 жасқа дейінгі спортшылар арасында ел чемпионаты аяқталды.

Біріккен чемпионатта жалпы есебі 1563 балуан бақ сынаған. Бұл – елішілік жарыстардағы жаңа рекорд.

Қазақстан біріншілігінің басты мақсаты – жыл сайын аталған жас ерекшеліктері бойынша өтетін Азия және әлем чемпионаттарына команда жасақтау.

Былтыр 17 жасқа дейінгі балуандар арасындағы әлем чемпионатында еркін күрес шебері Едіге Қасымбек күміс медаль иеленсе, 23 жасқа дейінгі спортшылар арасында грек-рим күресінің шебері Сұлтан Әсетұлы чемпион атанған еді.

Жалпы командалық есепте Алматы облысының балуандары топ жарды.

БАКУДЕГІ ТУРНИРДІҢ ЖАРТЫЛАЙ ФИНАЛЫНА ӨТТІ

Әзербайжан астанасы Бакуде бокстан «Ұлы Жібек жолы» халықаралық турнирі жалғасуда. Қазір Қазақстан сапынан бес боксшы жартылай финалға өтті.

Атап айтар болса, Баку шаршы алаңында Теміртас Жүсіпов (48 келі), Талғат Сырымбетов (60 келі), Дархан Дүйсебай (71 келі), Бекзат Таңатар (86 келі) және Сағындық Тоғамбай (92 келі) жеңіліссіз келеді.

ӘЛЕМ КУБОГІНІҢ ҚОЛА ЖҮЛДЕГЕРІ АТАНДЫ

Шпагамен семсерлесуден Қазақстан ерлер командасы Тбилисидегі әлем кубогі кезеңінде қола жүлдегер атанды.

Біздің спортшылар жарыстың жартылай финалына дейін жетті. Финал жолдамасы үшін таласта Чехия құрамасымен кездесіп, 36:45 есебімен қарсыласқа жол берді.

Қола медаль үшін өткен кездесуде қазақстандықтар Италияны 45:35 есебімен жеңді.

Айта кетелік, бұл бәсекеде ел намысын Эльмир Алимжанов, Руслан Курбанов, Вадим Шарлаимов, Ерлік Сертай қорғаған болатын.

Одан бөлек, Қазақстан құрамасы Париж Олимпиадасына тарихи жолдама жеңіп алды.

Бетті әзірлеген Мақсат ҚОСЫМБАЕВ

Күрес – күш жетілдіретін спорт түрі. Ұлттық спорт «қазақ күресінің» дамуы қазақ халқының тамыры тереннен тартылатын тарихымен астасып жатыр. Бозкілемнің белді балуаны, облысымыздың мақтанышы, 2011 жылғы «Жас Барыс» республикалық турнирінің жеңімпазы, Дүниежүзілік көшпенділер ойынының 2016 жылғы күміс жүлдегері, 2017 жылғы «Қазақстан Барысы» Еламан Ерғалиев ұлттық спортты дәріптеп жүр. Осы орайда балуанның өміріндегі жаңалықтармен танысып, емен-жарқын сұхбат құрған болатынбыз.

ДЗЮДО БОЙЫНША ОЛИМПИАДАҒА ДАЙЫНДЫҚ ҮСТІНДЕМІН

– «Қазақстан Барысы» атанған Еламан қазір қайда жүр?

– Бүгінде дзюдодан ұлттық құрама сапындамын. Былтыр қараша айында дзюдодан өткен ел чемпионатында 100-ден ауыр салмақ дәрежесінде I орын иелендім. Бүгінде Алматы қаласында оқу-жаттығу жиыны өткізілуде, дайындық үстіндеміз.

– 2017 жылы «Әскер Барысы» сайысында жеңімпаз атанғаныңыздан хабардармыз. Сонда әскери салада да қызмет етесіз бе?

– Иә, «Қазақстан Барысына» «Әскер барысының» атынан шыққан едім. Енді, сол жылы толық әскери қызметкер болған жоқпын, бірақ әскер қатарына жұмыспен тіркелдім. Қызылорда облысының атынан қатыстым. Мақсат Исағабылов, Нұрым Сәлімгереев, Айбек Серікбаев сияқты мықты, белді балуандар болғандықтан, маған сол жақтан ұсыныс түсті. Балуандар сайысында Алла бұйыртып, «Әскер Барысы» және «Қазақстан Барысы» атандым.

– Биыл елімізде «Дүниежүзілік көшпенділер ойыны» өтеді. Қазақ күресі бойынша қатысуыңыз мүмкін бе? Жалпы алдағы уақытта сізді қандай спорттық додалардан көре аламыз?

– Иә биыл, алғаш рет елімізде көшпенділер ойыны болғалы жатыр. Біріншіден, сайыстың елімізде өтетініне қуаныштымын. Мен бұл жарысқа 2016 жылы Қырғызстанда қатысқаным бар. Ол кезде финалда орыс балуанына есе жіберіп, күміс жүлде иелендім. Бірақ биылғы жарысқа қатысамын деп айта алмаймын. Себебі арнайы чемпионатта жеңіске жетіп, іріктелген осы сайысқа белгіленген балуандар бар, солар күресуі керек деген ойдамын. Жалпы қазіргі жоспарым дзюдо күресінің төңірегінде. Олимпиадаға қатысуға мүмкіндік беретін жарыстарда бақ сынап, шетелде және Қазақстанда өтетін дайындық кезінде өзімді шыңдаудамын. «Қазақстан Барысы» сайысы жақындағанда екі күрес түрін қатар алып жүремін. Сәуір айының аяғында Тәжікстан астанасы Душанбеде өтетін жарысқа қатысамын. Алға қойған жоспар әзірге осы.

– Еліміздегі қазақ күресінің қазіргі даму деңгейі, спортшыларды қолдау туралы не айтасыз?

– Еліміздегі қазақ күресі жақсы дамып келе жатыр деп толық айта аламын. Аллаға шүкір, мемлекет тарапынан да бүкіл жағдай жасалып жатыр. Материалдық та, рухани жағынан да қолдау жақсы. Күресем деген адамға шектеу жоқ. Кез келген спорт түрінен еңбек етем, спортпен айналысам деген адамға қолдау жоғары. Жалақы көлемі де артты. Ел ішіндегі, шетелдегі жарыстарға шығуда да қиындық жоқ. Спортшыларды өте жоғарғы деңгейде қолдап жатыр. Тек бізден керегі – нәтиже. Көк туымызды желбіретсек, мемлекеттен көрсетілер қолдаудың деңгейі жоғары.

– Мықты спортшының жетістігі тынымсыз еңбек пен жаттықтырушыға байланысты. Бапкеріңіз туралы да білгіміз келеді?

– Мықты спортшы болу үшін ең алдымен – еңбек, одан бұрын – тәртіп керек деп айтқым келеді. Қайтпас қайсарлық, маңдай тер, жеңіске деген ынта болу керек деп ойлаймын. Осылар болмаса жақсы нәтижеге жету қиын. Қазіргі уақытта менің жеке бапкерім – Қален Қалиұлы. Қызылорда қаласында дзюдодан жаттықтырушы. Бүгінгі таңда менен бөлек 3 спортшысы толықтай Олимпиадаға үміткер. Алла қаласа Париж Олимпиадасына барғалы отырмыз. Осындай құрамада еңбек етіп жатқанымма қуаныштымын. Спортта табандылық, тәртіп және еңбекқорлық керек деп ойлаймын.

– Сұхбатыңыз үшін рақмет!

ПАРИЖ ОЛИМПИАДАСЫ ҚАЛАЙ ӨТЕДІ?

Биылғы жылдың басты спорттық додасы – жазғы Олимпиада ойындары. Париждегі бәсекеге 4 айдай уақыт қалды. Дүбірлі додаға ел спортшыларының дайындығы қалай? Спортшыларымыз қай спорт түрлерінен сынға түседі?

Париж-2024 Олимпиада және Паралимпиада ойындарының эмблемасы 2019 жылдың 21 қазанында ұсынылды. Онда бір мезетте алтын медаль ішіндегі Олимпиада алауын және Француз Республикасының символы Марианнаның ернін бейнелейді, ол Париждегі 1900 жылғы жазғы Олимпиада ойындарына алғаш қатысқан әйелдерге құрмет болып есептеледі.

Олимпиадалық іс-шаралардың көпшілігі Париж қаласында және оның астаналық аймағында, соның ішінде көршілес Сент-Денис, Ле Бурже, Нантерр, Версаль және Вир-сюр-Марн қалаларында өтеді. Гандбол турнирлер қабылдаушы қаладан 225 шақырым қашықтықта орналасқан Лилльде ұйымдастырылады. Желкенді қайықтан турнирлері және кейбір футбол ойындары Жерорта теңізінің Марсель қаласында ұйымдастырылады, ол қабылдаушы қаладан 777 шақырым қашықтықта орналасқан; сонымен қатар серфинг жарыстары француз Полинезиясының Тэхупо ауылында өтеді деп күтілуде. Футбол Бордо, Декен-Шарпи, Нант, Ницца және Сент-Этьен сияқты тағы бес қалада өтеді.

Қазақстан Республикасының Спорт комитеті мәлім еткендей, XXXIII жазғы Олимпиада ойындары 26 шілде мен 11 тамыз аралығына жоспарланған. Төртжылдықтың басты додасына әлемнің 205 елінен 10 мыңнан астам спортшы қатысады. Париждегі додада 32 спорт түрінен 329 медаль жиынтығы сарапқа салынады. Қазір Қазақстан ұлттық құрамасының қоржынында Париж Олимпиадасының 19 лицензиясы (спорттың 8 түрінен) бар (садақ ату – 4, велошоссе – 3, нысана көздеу – 5, қазіргі бессайыс – 2, бокс – 2, грек-рим күресі – 1, еркін күрес – 1, спорттық гимнастика – 1). Олимпиада ойындарына дейін 69 лицензиялық жарыс қалды. Оның ішінде 5 әлем чемпионаты, 7 Азия чемпионаты және 57 рейтингтік турнир бар. Құрама көшбасшылары әр спорт түрінің ерекшелігі, спортшының қажеттілігі, медициналық-биологиялық тұрғыда қамтамасыз етілгені, оның ішінде физиотерапия, оңалту мен жарақаттардың алдын алу, психологиялық қолдау және жарысқа дайындық кезінде күйзелісті жеңу сияқты жағдайлары ескерілген жеке жоспар бойынша дайындалады. Айта кетейік, 2024 жылғы 17 сәуірде бүкіл ел бойынша «Олимпиадаға 100 күн» іс-шарасы өтеді. Айтулы күнге орай флешмобтар мен спорттық жарыстар ұйымдастырылады.

Италияның Бусто-Арсицио қаласында өткен Париж Олимпиадасының алғашқы іріктеу турнирінде тағы 5 жолдама бұйырды. Бокстан бұған дейін Қамшыбек Қоңқабаев пен Карина Ибрагимовада ғана лицензия болған еді. 8 жағдайда өткен кездесуде әзербайжандықты қапы қалдырып кеткен Асланбек Шымбергеновте Олимпиадаға баратын болды. Ал соңғы болып шаршы алаңға шыққан 80 келі салмақта өнер көрсеткен Нұрбек Оралбай тартысты кездесуде ирландиялықты ұтып, бесінші жолдаманы қоржынға салды.

Ал, өкінішке қарай, жолдама үшін шаршы алаңға шыққан бұрымды боксшыларымыздың бір де біреуі лицензияға иелік ете алмады. Енді жолдамаға иелік ете алмаған бір жігіт және бес қызымыз мамырдың соңында Тайландта өтетін ақырғы лицензиялық турнирге дайындалады.



күнге созылған Италия жеріндегі жарыста дүниежүзінің 144 елінен 700-ден аса былғары қолғап шебері бақ сынады.

Мырзағали Айтжановтан тәлім алатын ерлер құрамасы алты салмақ дәрежесінде өнер көрсетіп, соның бесеуінде жолдамаға ие болды. Алдымен 92 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Айбек Оралбай американдық қарсыласын ұтып, командалас әріптестеріне жеңісті жолды бастап берсе, артынша 51 келі салмақта Олимпиада ойындарының қола жүлдегері Сәкен Бибосынов тартысты жекпе-жекте ұлыбританиялықты ұтты. 57 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде Махмұд Сабырхан өз шеберлігін паш ете біліп, тәжікстандық қарсыласынан мықты екендігін байқатып, жолдаманы жеңіп алды. 71 келіде өте шиеленісті

Париждегі дүбірлі додаға жолдама беретін іріктеу сайыстарының дені биылға жоспарланғанымен, 2022 жылдың өзінде жер-жаһанның спортшылары спорттың 11 түрінен 2024 жылғы Олимпиада ойындарына 120 жолдама жеңіп алған. Олардың ішінде ең көп жолдама нысана көздеу спортына тиесілі. Ал биыл спортшылар тағы 13 спорт түрінен жолдамаға таласады.

Жазғы Олимпиада ойындарын өз тарихында осымен үшінші мәрте өткізгелі отырған Франция – жарысты ұйымдастырушы мемлекет болғандықтан, «үш жолақты» елдің спортшылары төртжылдықтың басты бәсекесінің бағдарламасына енген барлық спорт түрінен іріктеусіз-ақ жолдамаларға қол жеткізіп отырғанын айта кеткен жөн.



САДАҚШЫ: 1 МИНУТТА 10 ЖЕБЕ АТАМЫН

Қайсарлық қазақтың қанында бар қасиет. Тіпті заманында арулар да атқа қонып, бес қаруын сайлаған. Әсіресе қорамсаққа қол салып, жылдамдықпен жебе ататын сұрмерген ер көп болған. Бұған жастана оқыған батырлар жыры мен қисса-дастан дәлел. Бүгінде садақ ату – спорт ретінде жанданып, ұлттық құндылық ұмыт қалмады. Ақсымбат Кәдірқұл да нысананы дәл көздейтін мерген.

– Табиғатты, жазық даланы ұнатамын. Ал атқа мініп, садақ атуға бала күнімнен қызықтым. Тіпті ағаштан садақ жасайтынмын. Сөйтіп Шымкент қаласында кәсіби түрде садақ атуды меңгеріп, арнайы сертификат алдым. Конно клубтарға оқ пен садақ сатып, кәсіп бастайын деп жүргенде ұсыныс түсті. Яғни қыркүйек айынан бастап қос мектепте тренермін. 10-14 жас аралығындағы оқушыларды қабылдап, әдіс-тәсілді үйретіп жүрмін. Нәтиже жаман емес. Ашық турнирде бақ сынап, жарыстарда жеңіс тұғырынан көрініп жүрген 11 шәкіртім бар, – дейді А.Нұржанқызы.

Сайып келгенде садақ атудың денсаулыққа тигізер пайдасы мол. Смартфоннан бас алмайтын кезеңде көздің көру қабілетін жақсартады. Тіпті омыртқаны түзу етіп, жауырынды қатайтуға көмектеседі. Соған сай денені шынықтыру да маңызды. Жебе де жерде қалмай, нысанаға дөп тию үшін ой шашыраңқы болмау керек. Садақ атуды физика және математика ғылымымен байланыстырудың да мәні бар. Көздеу барысында санада сан түрлі формула құрып, амал қарастырады. Ал ауа-райы, жебе мен жел жылдамдығы, серпіліс пен салмақ физикаға бағыттайды.

– Садақты жай ғана тартып, жібере салуға болмайды. Садақ тартудың өзі өнер. Табандылықты қажет ететіні де рас. Оны бір тарту 24-25 келі жүк көтергенмен тең. Енді үйреніп жатқандар 25-30, ал ересектер 70 либрлі садаққа дейін қолданады. Садақтың түрі көп. Оғы да ағаш, карбон және бамбук болып бөлінеді. Түрлі нысана бойынша республикалық жарыстар өткізіледі. Мәселен, жамбыға 30 метрде атып, дөп тигізу – негізгі шарт. Бойды тік ұстап, тартқан кезде арқаға күш саламыз. Жалпы 1 минутта 10 жебе атамын. Әр қимыл-қозғалыс адамға оң әсер етеді. Спорт пен саулықтың сабақтас болатыны да содан, – дейді садақшы.

Иә, Ақсымбат сәйгүлік мініп, садақ тартқанды жанына жақын тұтады. Тұла бойы табиғаттан нәр алған соң, қиын тұсын да қиыстырып әкетеді. Садақ пен жебенің де жеке салмағы, күрделі құрылымы бар. Оңай көрінгенімен, қажыр мен еңбекті талап етеді.

– Садақ таңдағанда әркім күшіне мән беру керек. Садақ пен жебе бір-біріне сәйкес болғаны дұрыс. Жеке садағымды қазан айында сатып алдым. Хайарен садағын көргенде бірден ауыстырамын деп шештім. Тартылу күші 35 либр, ұзындығы 78 сантиметр, ал оқ салмағы 28 грамм. Жебенің қандай қашықтыққа дейін жететіні либрге байланысты. Өз садағыммен 200-250 метр дейін ұшады. Ал 40 либрмен 500 метрге жеткізуге мүмкіндік бар. Тіпті 90 либрлі садақпен атқанда 1200 шақырымға дейін жеткенін көрдік, – деді ол.

Көшпелілердің иығынан түспеген садақ байырғыдан қалған байлық, нағыз мұра. Тарих таспасынан бері жалғасқан өнер өлмесін дейміз. Жастар қызығушылығы артқан сайын бұл дода да қарсыласты қапы қалдырып, сайыпқыран атанары сөзсіз.

Замира ҚОНЫСЖАН

ФРИЛАНСЕР. ТАБЫСТЫ АРТТЫРАТЫН ОҢТАЙЛЫ ОРТА

Қаржы табудың түрі көп. Мемлекеттік қызметтен жеке жұмыс істеу бүгіннің басты тренді. Ондайда әй дейтін әже, қой дейтін қожа жоқ. Төбеңнен төнген бастық та болмайды, ешкімге есеп беріп жатпайсың. Мұндай жұмыстың бірін фриланс деп атайды. Фрилансердің табатын табысы мен атқаратын қызметі бәріне қызық.

Фрилансер – ұйымнан, мемлекеттік қызмет, немесе компаниядан тәуелсіз жұмыс істейтін адам. Ол уақытша болмаса келісімшарт негізінде қызмет ұсынады. Олар әлемнің түкпір-түкпірінде қашықтықта еңбек істеуге мүмкіндік береді. Жұмыспен қамтудың бұл түрі кәсіпкерлік дағдыларды дамытуға, өзіндік қалыптасуға ықпал етеді. Себебі, фрилансерлер көбінесе өз бизнесін басқарып, жаңа бастамаларды жүзеге асырады. Фриланс – ол тек табыс көзі ғана емес, жаңа таныстық және мол тәжірибе жинауға көмектесетін оңтайлы орта.

Егер сізге арнайы бір тақырыпта мәтін қажет болып, алайда оны жазуға мүмкіндігіңіз болмаса, копирайтер қызметіне жүгінсеңіз болады. IT саласы, таргет, аудармашы, журналист, программалау, дизайн, заң аясында, тіпті мектеп пәндерін де игеруге көмек көрсететін мамандарды фриланс саласынан тапсаңыз болады. Қазіргі кезде 68% қазақстандық 150 мыңнан 340 мыңға дейін табыс табады. 2022 жылдан бастап фрилансерлерге жұмыстың сапасы мен түріне қарай 200 мыңнан 1,5 млн теңгеге дейін жалақы ұсынылатын болды.

– Тұрақты жұмысы бар әр адамның міндетті түрде бөлек табыс көзі бар. Бұл өмірдің кез келген жағдайына дайын болуды үйретеді. Мен студентпін, сабақтан бөлек уақытымды тиімді пайдалану мақсатында қосымша табыс көздерін іздестірдім. Қазір копирайтерлікпен айналысамын, одан бөлек орыс тілінен онлайн сабақ өтемін. Күнделікті табыс қаржылай тәуелсіздікке де, сауаттылыққа да әкеледі. Сондай-ақ көп ізденіс үстінде болғандықтан кез келген салаға машықтанған қызметкер боласың. Ол сенің кәсіби шеберлігіңді арттырып, маман ретіндегі сұранысыңды жоғарылатады, – дейді студент Луиза Рашидқызы.

Үйде отырып-ақ күніне 10-15 мың табу туралы әлеуметтік желілерде пост көрген боларсыздар. Жұмыс табуға арналған арнайы аккаунттар бар. Мәселен, WhatsApp, Telegram желілерінде хабарламаларға жауап беру, онлайн сату менеджері, оператор, SEO мамандарға сұраныс басым. Ғаламтор кеңістігінен арнайы сайттарды да іздеп табуға болады.

Егер фриланс саласына енді аяқ басқан болсаңыз, арнайы биржалар арқылы қадам жасаған дұрыс. Қазақстандағы ең үздік фриланс биржаларының бірін атап өтейік.

Allfreelance.kz фрилансер мен тұтынушыға оңтайлы және ұтымды қызмет түрін ұсынады. Бұл биржада географиялық шектеулер жоқ. Тапсырыс берушілер әлемнің кез келген нүктесінен маман көмегіне жүгіне алады.

MegaMaster – Қазақстан бойынша қызметтерге онлайн тапсырыс беру сервисі. Қосымшада тұрмыстық немесе іскерлік тапсырмаларды орындау үшін 7 мыңнан астам тұрақты және дәлелденген мамандар бар. Осы немесе мұнан да бөлек биржалардан тапсырыс беруге немесе тапсырыс алуға мүмкіндік көп.

Нұршат НЫШАНОВА

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТАДЫ

“Талант-2020” ЖШС (БСН 160 140 025 426) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Нысанбаев көшесі 4 а үй, тел.: 87764173387.

Сықырлаған аяз, аспаннан үлпілдеп түскен ақ ұлпамен бірге маужыраған тіршілік бірте-бірте оянуда. Жер ананың жаңаратын мезгілі – көктем келді. Сонымен қатар қыздар қауымының да құлпыратын кезеңі. Ендеше нәзік жандардың сүйікті тақырыбы сән әлемі туралы айтайық.

СӘН : ТАҢДАУ МЕН ТАЛҒАМ

«Кииміне қарап қарсы алады…». Көп адам сырт келбетіне қарап талғамға баға береді. Сөмкеңізде ақша болса, бүгінде сіздің қолыңыз жетпейтін киім жоқ. Алайда 1990 жылдың соңында итальяндық Gucci сән үйін нағыз сенсацияға айналдырған Том Фордтың пікірі бөлек. Ол «Стиль – өзгеше дүние. Сіз ақшасыз да керемет стильге ие бола аласыз» дейді.

XX ғасырда кеңінен етек жайған сән әлемі – көпшілікті толғандыратын сала. Даму деңгейінің жылдамдығы соншалық бүгін трендке айналған өнім, ертең ешкімді қызықтырмауы мүмкін. Сәннен қалмайтындар үшін кей сәтте қажеттілік пен ыңғайлылықтың орнын гардеробта шаң басып жататын брендтік киімдер алмастырады. Сән – таңдау мен талғам. Сән – киім кию мәдениеті.

СҰРАНЫСТАҒЫ КИІМ ҮЛГІСІ

Әлемдік сәнгерлердің айтуынша, биыл жайлылық пен үйлесімділікке мән берілуде. Сондай-ақ ұзын белдемше мен костюм немесе кең иықты костюм де 2024 жылдың тренді болады. Ал жазда ашық түсті сарафан көйлектер сәнге айналады. Егер гардеробыңызда жалпақ белбеу болса, сақтауға тырысыңыз. Себебі маусым айында кәдеңізге жарайды.

ТРЕНДТЕГІ ТҮСТЕР

Pantone консалтинг компаниясы дәстүр бойынша жылдың басты түсін таңдады. Таңдау «шабдалы мамығы» реңіне түсті. Ішкі тыныштықты, қоғамдастық пен әлеуметтік байланыстың қажеттілігін білдіреді. Компания мамандары адамдарды денсаулық пен ментальді денсаулықтың маңыздылығына баса назар аударып, адам тәжірибесінен сабақ алуға шақырады деп түсіндіруде. Pantone 25 жыл бойы жыл түсін таңдап келеді. Еске салсақ, 2023 жылдың түсі қанық қызыл (Viva Magenta) болды. Шабдалы мамығынан бөлек жасыл түс сәнге енді. Сонымен бірге алтын, ақ, күміс, қызыл түстер адамға жайлы, ал көк түс керісінше сәтсіздікке әкелуі мүмкін. Стилист мамандар мерекелік кешке түрлі түсті тастармен көмкерілген, жылтыр көйлек киюге кеңес береді.

ШАШ ҮЛГІСІ

Шаш – адамның көркі. Дұрыс таңдалған шаш үлгісі кез келген жанның көркін еселей түсетіні анық. Биыл «пикси» шаш қию үлгісі трендте. Пикси – бет пен мойын аймағын айшықтай түсетін, қысқа шаш қию әдісі. Бұл үлгі 1950 жылдары танымал болған.

– Пикси үлгісі шаш көлемі жұқа ханымдарға таптырмас мүмкіндік. Ал бояу техникасына келсек, бразилиялық әдіс сұранысқа айналды. Бразилиялық бояу техникасы – күйдірілген шаштың эффектісі бар, әлемдік сән индустриясының жетекші үрдісі. Техника күн сәулесінің ойнауына байланысты кескіннің максималды табиғилығына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша боялған шаш көлемді көрінеді, – деді сән маманы Шәмшәгүл Абайқызы.

Трендтің жыры бір бөлек, брендтік өнім бір төбе, ал қыз-келіншектердің сұранысы мен талғамы әртүрлі. Тұтынушының сұранысына сай сән әлемінің мамандары да семинар, тренингтерге қатысып, біліктілігін арттырады.

Сән – мәдени өзгерістің көрінісі. Әйелдер тұтынушы ретінде индустриядағы стиль мен трендтің қалыптасуында басты рөл атқарады.

Әлия ТӘЖІБАЙ

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеуге алынып, №KZ 32VPY00086947 куәлігі 02.02.2024 жылы қайта берілген.
«Ақмешіт жастары» республикалық газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ МІНДЕТІН АТҚАРУШЫ Марат АРАЛБАЕВ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Қабылдау бөлмесі: тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР Айдар САЙЛАУОВ

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit_zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор: Әлия ТӘЖІБАЙ

Таралымы: 7123
Тапсырыс: 488